

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 10 шілдедегі № 36-V Заңы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25,

26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

235-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«235-бап. Объектілерді және олардың кешендерін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз не белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілмеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салу (реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу)»;

мынадай мазмұндағы 235-1, 237-2, 258-1 және 324-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«235-1-бап. Сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу»;

«237-2-бап. Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру»;

«258-1-бап. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасын бұзу»;

«324-2-бап. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзу»;

357-1-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«357-1-бап. Тиісті тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), басқа да рұқсатсыз, хабарламасыз кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру»;

мынадай мазмұндағы 357-7-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«357-7-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу»;

27-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«27-тарау. Көліктегі, жол шаруашылығындағы, байланыстағы және ақпараттандырудағы әкімшілік құқық бұзушылықтар»;

494-баптың тақырыбындағы «тіркеу және» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 553-1 және 563-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«553-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган»;

«563-2-бап. Геодезия және картография саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар»;

2) 235-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«235-бап. Объектілерді және олардың кешендерін жобалау
(жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз не белгіленген
тәртіппен сараптамадан өткізілмеген жобалау
(жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салу
(реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту,
техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, күрделі
ж ө н д е у)

1. Объектілерді және олардың кешендерін жобалау (жобалау-сметалық)
құжаттамасынсыз не сараптама жүргізу талап етілетін, белгіленген тәртіппен
сараптамадан өткізілмеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салу (
реконструкциялау, қалпына келтіру, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру,
жаңғырту, күрделі ж ө н д е у) –

жеке тұлғаларға – алпыс, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – сексен, шағын
немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып
табылатын заңды тұлғаларға – жүз тоқсан, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып
табылатын заңды тұлғаларға екі жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде
көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықты жоймау –
жұмыстарды тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – жүз, лауазымды адамдарға, дара
кәсіпкерлерге – жүз елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе
коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі
кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік
көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

3) мынадай мазмұндағы 235-1-баппен толықтырылсын:
«235-1-бап. Сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік
қызметтер көрсетуді жүзеге асырған кезде
Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу

1. Орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаждау жұмыстарының бекітілген
жобалық шешімдерге сәйкес келмеуі –
жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп
соғады.

2. Тұрғызылып жатқан не тұрғызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігі
мен беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына
сараптаманың (сараптамалық бағалаудың) оң қорытындысын беру –
жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп
соғады.

3. Орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімін, қабылдануын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысында бұзушылықтарға жол беру —

жеке тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) — сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру құқығына берілген сарапшы аттестатынан айыра отырып, жеке тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 237-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«237-бап. Заңсыз құрылыс

Өндірістік, тұрғын, шаруашылық, гидротехникалық (су шаруашылығы) немесе тұрмыстық объектілерді жерге тиісті құқықсыз заңсыз салу — заңсыз тұрғызылған немесе тұрғызылып жатқан құрылысты мәжбүрлеп бұза отырып не онсыз, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) мынадай мазмұндағы 237-2 және 258-1-баптармен толықтырылсын:
«237-2-бап. Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру

Құрылысты техникалық және авторлық қадағалауларды қатар жүргізбей жүзеге асыру —

жеке тұлғаларға — жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге — сексен, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға — жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«258-1-бап. Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасын бұзу

1. Геодезиялық және картографиялық жұмыстарды:

геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін, меншікті немесе жалға алынған салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығы не зауыттық нөмірі көрсетілген салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарт; штатында геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта

білімнен кейінгі білімі бар маман болмаған кезде жүзеге асыру – жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – жеке тұлғаларға – қырық, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 3 1 0 - 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

8) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

он үшінші абзацтағы «аттестаттың қолданысын тоқтата тұрып не онсыз,» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген хабарлама жасауға жататын міндеттерді с а қ т а м а у ы –

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін тоқтата тұрып не онсыз, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер (әрекетсіздік), сол сияқты осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау –

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметке тыйым салуға әкеп соғады . » ;

7) 322-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жаппай емшілік сеанстарын (екі немесе одан да көп адам) өткізу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өткізу – жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

8) мынадай мазмұндағы 324-2-баппен толықтырылсын:

«324-2-бап. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен

үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзу

1. Есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы объектілер мен үй-жайлардың техникалық нығайтылу талаптарын бұзу – заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұрып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (әрекетсіздік) – заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. » ;

9) 3 5 7 - 1 - б а п т а :

тақырып және бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«357-1-бап. Тиісті тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), басқа да рұқсатсыз, хабарламасыз кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру

1. Рұқсат, лицензия, біліктілік аттестаты (куәлігі), хабарлама жасау міндетті болған жағдайларда, кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен тіркеусіз немесе лицензиясыз, арнайы рұқсатсыз, біліктілік аттестатынсыз (куәлігінсіз), басқа да рұқсатсыз, хабарламасыз айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, – әкімшілік құқық бұзушылық жасау заттары және (немесе) құралдары тәркіленіп не онсыз, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыздан қырыққа дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, ал кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен лицензиясыз айналысу әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған табысты (дивидендтерді), ақшаны, бағалы қағаздарды қосымша тәркілеуге әкеп соғады. » ;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Осы бап бойынша жауаптылық «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын валюталық операция туралы хабарламаға, сондай-ақ «Табиғи монополиялар және

реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын хабарламаларға қолданылмайды.»;

10) мынадай мазмұндағы 357-7-баппен толықтырылсын:
«357-7-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бұзу

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қойылатын талаптарды жеке немесе заңды тұлғалардың бұзуы - жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, сол сияқты осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау – қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – қырық, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

11) 27-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«27-тарау. Көліктегі, жол шаруашылығындағы, байланыстағы және ақпараттандырудағы әкімшілік құқық бұзушылық»;

12) 439-баптың алтыншы бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«6. Темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының талаптарын бұзу -»;

13) 463-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Белгіленген қағидаларды бұза отырып күйпті жүктерді автокөлік құралдарымен не мамандандырылған автокөлік құралдарымен, сол сияқты 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсатсыз тасымалдау – жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан отызға дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.» ;

14) 494-баптың тақырыбындағы және бірінші бөлігіндегі «тіркеу және» деген сөздер алып тасталсын ;

15) 541-баптың бірінші бөлігінде:
«235 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «235-1 (төртінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын ;

«310-1 (екінші бөлігінде)» деген сөздер «310-1 (1-1 және екінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;
«324-1,» деген цифрлардан кейін «324-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;
«357-6,» деген цифрлардан кейін «357-7 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 543-баптың бірінші бөлігі «357-2 (бірінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «357-7 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 553-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

18) мынадай мазмұндағы 553-1 және 563-2-баптармен толықтырылсын:

«553-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган

1. Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 504-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Азаматтық қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді орындамауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс саласындағы және оның аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

2) Азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының басшысы және оның орынбасарлары құқылы.»;

«563-2-бап. Геодезия және картография саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

1. Геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары осы Кодекстің 258-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға геодезия және картография саласындағы орталық уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ оның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.»;

19) 568-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Объектілерді салу сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдар осы Кодекстің 230, 231 (бірінші бөлігінде), 234, 235 (бірінші бөлігінде), 235-1 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 236, 237-2, 238, 239, 278 (екінші бөлігінде), 291, 357-2 (бірінші бөлігінде), 387, 499-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.»;

20) 634-баптың 2-1-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізілген тексерудің нәтижесі осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болып

т а б ы л а д ы .

Осы бөліктің күші «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 3-бабының 3, 4-тармақтарында және 12-бабының 3-тармағында көзделген салаларда, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде және салық қызметі органдары бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асырған кезде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларға қолданылмайды.»;

21) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:
е к і н ш і а б з а ц :

«324-1,» деген цифрлардан кейін «324-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;
«355-357,» деген цифрлардан кейін «357-1, 357-7 (екінші бөлігі)» деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

оныншы абзацтағы «356-баптар)» деген сөздер «356, 357-1-баптар» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

он төртінші абзацтағы «, ақпарат және спорт» деген сөздер алып тасталсын;
жиырма бірінші абзацтағы «310-1-бап (екінші бөлік)» деген сөздер «310-1 (1-1 және
екінші бөліктері), 357-1-баптар» деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзацтағы «237, 278 (бірінші бөлігі)-баптар» деген сөздер «235-1 (1-1 және
төртінші бөлігі), 237, 278 (бірінші бөлігі), 357-1-баптар» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

отыз сегізінші абзацтағы «357-1,» деген цифрлар алып тасталсын;
қырық үшінші абзац «356,» деген цифрлардан кейін «357-1,» деген цифрлармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

қырық төртінші абзацтағы «225-1-баптар (электр мен жылу желілері жолдарының
күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша)» деген сөздер «225-1 (электр мен
жылу желілері жолдарының күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 357-1-
баптар)» деген сөздермен ауыстырылсын;

елу жетінші абзац «343,» деген цифрлардан кейін «357-1,» деген цифрлармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-

құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 9-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес объектілер салуға берілген шағын кәсіпкерлік субъектілеріне;»;

2) 14-баптың 1-тармағында:

13) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

3) 44-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Объект салу үшін жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін таңдау алдын ала жүргізіледі.

Объект салу үшін, ал қажет болған жағдайларда және оның күзет немесе санитариялық-қорғау аймағын белгілеу үшін жер учаскесін таңдау нәтижелерін тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері жер учаскесін таңдау туралы актімен ресімдейді. Осы актіге әрбір жер учаскесін таңдаудың ықтимал нұсқаларына сәйкес оның шекараларының жобалары қоса беріледі.

Объект салуға жер учаскесін таңдау актісін беру үшін қажетті келісулерді тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері жүргізеді.

Бұл ретте елді мекеннің бас жоспарлары (немесе тұрғындарының саны бес мың адамға дейінгі елді мекендерді дамытудың және оларда құрылыс салудың осы жоспарларын алмастыратын схемасы) негізінде орындалған егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары және (немесе) құрылыс жобалары, сондай-ақ қонысаралық аумақтарға арналған аудандық жоспарлау жобалары болмаса, жер учаскелерін құрылыс үшін беруге тыйым салынады.»;

4) 49-1-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтінішті «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық құжат нысанында берген жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының

жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге келісім беру не одан бас тарту туралы шешімі, ол қабылданғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық құжат нысанында өтініш берушіге жіберіледі.»;

5) 150-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3 , 27 - құжат) :

1) 13-баптың 1-тармағының 18) тармақшасы алып тасталсын;

2) 29-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Орман пайдалану құқығы тек қана орман пайдалану түрі сақталғанда, құқық мирасқорының орман пайдалануды жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты мен өндірістік қуаты және облыстық атқарушы органдар айқындайтын, тиісті біліктілігі бар мамандары болғанда ауысуы мүмкін.»;

3) 32-баптың 9) тармақшасы, 41-баптың 3) тармақшасындағы «тоқталуы» деген сөз «тоқтатылуы негізінде тоқтатылады.» деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы және 75-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 15-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«15-тарау. Орман пайдалану түрлері»;

5) 89-бап алып тасталсын;

6) мазмұнындағы 15-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«15-тарау. Орман пайдалану түрлері».

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат) :

1) 37-баптың 1-тармағының 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді»;

2) 66-бапта :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Арнайы су пайдалануға рұқсатты уәкілетті органның өңірлік органдары береді.»

;

7-тармақ және 9-тармақтың 3) тармақшасындағы «шарты» деген сөз «шарты бар жеке және заңды тұлғаларға рұқсат беріледі.» деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақшасы алып тасталсын;

10 - тармақта :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің көшірмесін;»;

4) тармақшадағы «көшірмесін;» деген сөз «көшірмесін ұсынады.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақша алып тасталсын;

3) 89-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне ағызуға қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген шектерге дейін тазарту шартымен арнайы су пайдалануға рұқсаты болған кезде жол беріледі.»;

4) 95-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ауыл шаруашылығы мұқтаждары үшін пайдалану мақсатында еріген, жауын және тасқын суларды жинауға арналған су шаруашылығы құрылыстары бар жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға рұқсатының болуы міндетті.».

5. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат, № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 17-баптың 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«38) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

2) 21-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызметі осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.»;

3) 114-баптың 3), 4) және 21) тармақшалары алып тасталсын.

6. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-

құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат):

16-баптың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«25) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат, № 22, 130, 132-құжаттар, № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 281-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын квоталар шегінде:

тиісті қызмет түріне лицензиясы болған жағдайда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру үшін;

өз қызметін бастағаны туралы белгіленген тәртіппен хабарлама жасаған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына босатылатын этил спиртіне;»;

2) 455-баптың 1) тармақшасында:

алтыншы абзац алып тасталсын;
оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды, сондай-ақ оларды қайта
тіркегені;»;

3) 456-баптың кестесінде:
5., 5.1, 5.2., 5.3., 5.4., 5.4.1. және 5.4.2.-жолдар алып тасталсын;
8. және 8.1.-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

8.	Авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін:	
8.1.	авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркегені үшін	3

» ;

8.2., 8.2.1. және 8.2.2.-жолдар алып тасталсын;
4) 457-баптың 5) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу
кезінде:» ;

5) алып тасталды - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)
З а ң ы м е н ;

6) 471-баптың кестесінде:
1.1., 1.3. және 1.5.-жолдар алып тасталсын;
1.22.-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.22.	Жолаушыларды қалааралық облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақсыз тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау	3
-------	--	---

» ;

1.23., 1.25. және 1.32.-жолдар алып тасталсын;
1.39.-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.39.	Теле-, радио арналарын тарату жөніндегі қызмет	6
-------	--	---

» ;

1.40. және 1.42.-жолдар алып тасталсын;
7) 556-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Уәкілетті орган «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және
б е к і т е д і . » ;

8) 627-баптың 9-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жоспарлы тексерулер – уәкілетті орган жарты жыл сайын бекітіп отыратын салықтық тексерулер жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын кешенді және тақырыптық тексерулер. Салықтық тексерулер жоспары салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салық есептілігін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді т а л д а у н е г і з і н д е ж а с а л а д ы ; » .

8. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 29 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2012 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 13-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«13-1-бап. Денсаулық сақтау саласындағы хабарлама»;

22-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау»;

2) 7 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

мынадай мазмұндағы 29-2) және 29-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«29-2) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізуді хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жасау тәртібін бекіту;

29-3) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жүргізу;»;

6 2) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

7 2) т а р м а қ ш а м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«72) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту жөніндегі функцияларды жү з е г е а с ы р а д ы . » ;

3) 9-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектілердің тізілімін жүргізеді;»;

4) мынадай мазмұндағы 13-1-баппен толықтырылсын:

«13-1-бап. Денсаулық сақтау саласындағы хабарлама

Денсаулық сақтау саласындағы мынадай:

1) халықты гигиеналық оқыту;

2) медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме саудада өткізу;

3) медициналық техниканы көтерме саудада өткізу;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізу;

5) медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу қызметі хабарлама жасау

б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

5) 19-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және б е к і т е д і . » ;

6) 2 1 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы бақылаудың өзге де нысандары, мынадай:

бару объектінің (субъектінің) орналасқан жері бойынша құқықтық статистика органдарын барғанға дейін бір тәулік бұрын міндетті түрде хабарлама жасай отырып, рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты болған кездегі;

жеке тұлғалардың (үйдегі ауру ошағы) инфекциялық және паразиттік аурулар, тамақтан улану жағдайларында, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу үшін эпидемиологиялық бақылау жүргізу кезіндегі жағдайларды қоспағанда, бақылау объектілеріне (субъектілеріне) бармай-ақ қажеттілік және жеткіліктілік қағидаттарына сәйкес жүргізіледі.»;

7 - т а р м а қ т а :

11) тармақша алып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызметке берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға;»;

7) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«22-бап. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық техниканың айналымы саласындағы
мемлекеттік бақылау

1. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің сақталуын бақылауға бағытталған.

2. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылаудың объектілері болып табылады.

3. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

4. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы және оның орынбасарлары;

2) мемлекеттік фармацевтика инспекторлары;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бас мемлекеттік фармацевтика инспекторлары және олардың орынбасарлары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мемлекеттік фармацевтика инспекторлары болып табылады.

5. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар жоғары фармацевтикалық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.

6. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының:

1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен сараптама жүргізу үшін оны жүргізуге жеткілікті және осыған қажетті көлемнен аспайтын мөлшерде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың үлгілерін, осы өнімнің құнын өтемей алып қоюға;

2) жарамсыз болған, қолдан жасалған, жарамдылық мерзімі өткен және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, онда өндіруге, дайындауға, сақтауға, қолдануға және өткізуге тыйым салуға;

3) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беруге;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес фармацевтикалық қызметке арналған лицензияның қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес фармацевтикалық қызметке арналған лицензиядан айыруға бастамашылық жасауға;

6) заңды талаптарды немесе уәкілетті органның лауазымды адамдары берген нұсқамаларды, қаулыларды жеке және заңды тұлғалар орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгінуге;

7) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан фармацевтикалық қызмет жүзеге асырылатын объектілерге баруға;

8) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы субъектілерден дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы мәселелері бойынша ақпарат, есептеме алуға құқығы бар.»;

8) 54-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

9) 62-баптың 8-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары тексерулер, бақылаудың өзге де нысандары және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде:»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) елді мекендер құрылысын жоспарлаудың, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді орналастырудың, салу мен реконструкциялаудың, санитариялық-қорғаныш аймақтарының, су пайдалану мен сарқынды суларды бұру, уытты, радиоактивті және басқа да зиянды заттарды кәдеге жарату мен көму шарттарының, шикізаттың, технологиялық жабдықтың, тамақ өнімдері өндірісі процестерінің, азық-түлік шикізатының, өнеркәсіп бұйымдарының, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелену көздерінің, химиялық заттар мен өнімдердің, биологиялық, дәрілік, дезинфекциялаушы, дезинсекциялаушы және

дератизациялаушы құралдардың, медициналық иммундық-биологиялық препараттардың және азық-түлік шикізатымен, тамақ өнімдерімен және ауыз сумен жанасатын ыдыстардың, орама және полимерлік материалдардың, парфюмериялық-косметикалық және басқа да кең тұтынылатын тауарлардың, жабдықтардың, аспаптар мен жұмыс құрал-саймандарының жаңа түрлеріне арналған стандарттар мен нормативтік құжаттардың жобаларына;»;

10) 69-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді дәріхана қоймаларында көтерме саудада өткізуге тиісті лицензия алған не «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді дәріханаларда, дәріхана пункттерінде, жылжымалы дәріхана пункттерінде бөлшек саудада өткізуге тиісті лицензия алған не «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.»;

11) 80-баптың 6-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) дәрілік заттарды көтерме саудада өткізуге арналған лицензиясы бар не қызметін бастағаны туралы хабарлама жасау бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің тізіліміне енгізілген, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;»;

12) 180-баптың 13-тармағы алып тасталсын.

9. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат):

1) 27-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Заңды тұлға кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы өтінішті электрондық құжат нысанында беруге құқылы.»;

«2-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсыну, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан оларда қамтылған ақпаратты алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.»;

2) 35-бап мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-1-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Заңды тұлға кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу туралы өтінішті электрондық құжат нысанында беруге құқылы.»;

«2-1. Осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.»;

3) 256-баптың 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасының техникалық регламентінде және стандарттарында» деген сөздер «техникалық регламентте және ұлттық стандарттарда» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

19-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

11. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 21-құжат) :

1) 7-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

2) 25-баптың екінші бөлігінде:

8) тармақша алып тасталсын;

9) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) ішкі су жолдарында жүзу қағидаларының сақталуын бақылауды және қадағалауды; » ;

«11) лоцмандық қызметті және өзге де теңіз қызметтерін бақылауды және қадағалауды; » .

12. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23,

920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 4-5-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу тәртібін белгілейді;»;

2) 5-1-баптың 1-тармағының 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 10-баптың 1-тармағының 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«20) қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ-дәрілерді қоспағанда) сатып алынуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қару мен оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттардың, прекурсорлардың айналымының және олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуын бақылауға; көрсетілген заттар, нәрселер, материалдар тұрған үй-жайларды әкімшіліктің қатысуымен тексеріп-қарауға; қаруды есепке алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда алып қоюға; азаматтардың қолындағы қаруды, оқ-дәрілерді және оларды қолдану қағидаларының сақталуын бақылау мақсатында олар сақталатын орындарды тексеріп-қарауға; қару мен оқ-дәрілерді сақтау және пайдалану қағидалары бұзылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда ұйымдар мен азаматтардан оларды алып қою туралы мәселе қоюға;»;

4) 11-баптың 1-тармағында:

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«33) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындыны;

мыналарға:

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, әкелуге, әкетуге; заңды тұлғаларға:

жарылғыш материалдарды сатып алуға, сақтауға;
азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды қолданып жасалған бұйымдарды
с а қ т а у ғ а ;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, тасымалдауға,
ә к е л у ғ е , ә к е т у ғ е ;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне
р ұ қ с а т т а р б е р у ғ е ; » ;

33-5) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуі;».

13. «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 15, 208-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 142-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 16, 128-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 8, 64-қ ұ ж а т) :

1) 5-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1) жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық жоспарына;»;

2) 12-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық жоспарын тиісінше ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайтында орналастырады.».

14. «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 237-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3 , 2 5 - қ ұ ж а т) :

44-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

15. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 11-12, 263-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 4, 101-құжат; 2000 ж., № 6, 145-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; 2004 ж., № 11-12, 67-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат;

№ 5, 43 - құжат; № 11, 102 - құжат):

11-баптың жиырма екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

16. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

7-1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

17. «Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 368-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 20, 728-құжат; № 23, 931-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; № 24, 177-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 13, 67-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 6-баптың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

2) 9-5-баптың 5-тармағындағы «стандарттарды» деген сөздер «ұлттық стандарттарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25 - б а п т а :

үшінші бөліктің он екінші абзацындағы «хабарлауға міндетті.» деген сөздер «хабарлауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«өрттің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ ұйымдар мен объектілердегі өртке байланысты

бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасауға; шөптесін өсімдіктерді өртеу және ашық алаңқайларда арнайы от әсерлерін қолдану жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асырудың басталғаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасауға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Өтініш берушілер «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын хабарламалар беруді жүзеге асырады.

Егер іс-қимылды жүзеге асыру үшінші тұлғаларға зиян келтіру қатеріне байланысты болса, хабарламада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өтініш беруші қабылдаған шаралар қосымша көрсетіледі.»;

4) 2 5 - 2 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аккредиттеу үшін ұйым мынадай құжаттарды:

1) электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) ұйымға меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі үй-жай туралы, жабдық туралы ақпаратты қамтитын, өтініш беруші электрондық құжат нысанында жасаған мәліметтер нысанын;

3) ұйым мамандарының білімі туралы, мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердегі жұмыс өтілі, сондай-ақ олардың арнайы оқыту курстарынан өткені туралы құжаттарының электрондық көшірмелерін ұсынады.»;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі «отыз» деген сөз «он бес» деген сөздермен ауыстырылсын ;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Аккредиттеу аттестаттары электрондық құжат нысанында беріледі, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды болады және олардың қолданылу мерзімі бес жыл . » ;

8-тармақтың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері және 11-тармақ алып тасталсын .

18. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-

құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат):

10-2-баптың 30) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«30) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

19. «Атом энергиясын пайдалану туралы» 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 83-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікке мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;»;

2) 7-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) атом энергиясын қауіпсіз пайдалануды мемлекеттік реттеуді, персонал мен халыққа радиациялық әсері бар атом энергиясын пайдаланатын қызмет түрлерін бақылауды және лицензиялауды;»;

3) 8-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту болып табылады.»;

4) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Ядролық және радиациялық қауіпсіздік

1. Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет халық денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, иондандырушы сәуленің зиянды әсерінен жеке және заңды тұлғалар мүлкінің қорғалуы қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Пайдаланушы ұйым табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке байланысты кез келген авария және (немесе) авариялық жағдай туралы және (немесе) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметке арналған лицензияның қолданылу шарттарының бұзылуы туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

3. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті ядролық қондырғылармен, ядролық материалдармен, радиоактивтік қалдықтармен, радиоактивтік қалдықтар және (немесе) пайдаланылған ядролық отын сақтау қоймаларымен, алу деңгейінен жоғары радиоактивтік заттармен, құрамында алу деңгейінен жоғары радиоактивтік заттар бар немесе иондандырушы сәуле шығаратын (шығаруға қабілетті) аспаптармен және

қондырғылармен жұмыс істеуді немесе қандай да бір іс-қимылдарды, операцияларды орындауды қоса алғанда, атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет қауіпсіздігі саласындағы белгіленген нормалар мен қағидаларға сәйкес пайдаланушы ұйым қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

ядролық қондырғылар:
жалпы мақсаттағы ядролық қондырғылар;
ядролық отынды дайындау және өндіру жөніндегі қондырғылар;
реактордың түрі көрсетілген атомдық энергетикалық қондырғылар;
реактордың түрі көрсетілген зерттеу атом реакторлары.

Орналастыру пункттері:
жалпы мақсаттағы радиоактивтік қалдықтарды орналастыру пункттері (сақтау қоймалары);

белсенділігі жоғары радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;
белсенділігі орташа радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;
белсенділігі төмен радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймалары;
пайдаланылған ядролық отын қоймалары.

Заттар мен материалдар:
изотоптық құрамы көрсетілген ядролық материалдар;
радиоактивтік элементтер құрамы, белсенділіктің шекті деңгейі және радиоактивтік заттардың агрегаттық жай-күйі көрсетілген алу деңгейінен жоғары радиоактивтік заттар.

Радиоактивтік қалдықтар:
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі көрсетілген белсенділігі жоғары радиоактивтік қалдықтар;
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі көрсетілген белсенділігі орташа радиоактивтік қалдықтар;
белсенділіктің шекті деңгейі, қалдықтардың түрі және агрегаттық жай-күйі көрсетілген белсенділігі төмен радиоактивтік қалдықтар.

Өнеркәсіптік жабдық:
жалпы мақсаттағы өнеркәсіптік рентген жабдығы;
жалпы мақсаттағы өнеркәсіптік радиоизотоптық жабдық;
радиоизотоптық датчиктер мен өлшеуіштер;
рентгендік дефектоскоптар;
радиоизотоптық дефектоскоптар;
рентгендік анализаторлар;
рентгендік тексеріп қарау жабдығы;
радиоизотоптық тексеріп қарау жабдығы;
зарядталған бөлшектердің үдеткіштері негізіндегі тексеріп-қарау жабдығы;
зарядталған бөлшектердің өнеркәсіптік үдеткіштері.

Медициналық диагностикалық жабдық;
жалпы мақсаттағы медициналық рентген жабдығы;
медициналық рентгендік дентальдық жабдық;
медициналық рентгендік маммографиялық жабдық;
медициналық рентгендік ангиографиялық жабдық;
медициналық компьютерлік рентгендік томографтар;
медициналық радиоизотоптық диагностикалық жабдық;
зарядталған бөлшектердің медициналық үдеткіштері.

Медициналық терапиялық жабдық;
медициналық терапиялық рентген жабдығы;
медициналық рентгендік симуляторлар;
зарядталған бөлшектердің медициналық үдеткіштері;
медициналық гамма-терапиялық қондырғылар.»;

5) 14-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайдаланушы ұйымдар ядролық материалдар мен ядролық қондырғылардың физикалық қорғалуын қамтамасыз етеді. Уәкілетті орган ядролық қондырғылар мен ядролық материалдардың физикалық қорғалуының қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.».

20. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 32-құжат, № 5, 41-құжат):

10-2-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

21. «Азаматтық қорғаныс туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 9, 93-құжат; 1998 ж., № 23, 16-құжат; 1999 ж., № 4, 101-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

1) 17-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары;

Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары;

облыстардың, қалалар мен аудандардың Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жатады.»;

2) 19-баптың он сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

22. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102 - құжат; 2012 ж., № 3, 25 - құжат):

25-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

23. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж.,

№ 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., №15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат) :

1) 1 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Нормативтік құқықтық актінің жобасына осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде сараптамалық қорытынды ұсынылмаған жағдайда нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертулерсіз келісілді деп есептеледі. »

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сараптамалық қорытындылар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері мүшелерінің жиынтық пікірін білдіреді, ұсынымдық сипатта болады және нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен кейінгі әрбір келісу кезінде оның жобасына міндетті қосымша болып табылады. » ;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда он жұмыс күні ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне келіспеу себептерін негіздеп, жауап жібереді, ол нормативтік құқықтық акт қабылданғанға дейін оның жобасына міндетті қосымша болып табылады.»;

2) 36-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Қызметтің жекелеген түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ экспорты мен импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлар тізбелерін бекітетін нормативтік құқықтық актілер осы актілер ресми жарияланғанынан кейін жиырма бір күн мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізілмейді.».

24. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат ; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-

құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

13-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

25. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат):

1) 1 - б а п т а :

3) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) асыл тұқымдық зауыт - асыл тұқымды ірі қара малды қоспағанда, белгілі бір тұқымға жататын, сапалық сынақтан өткізілген құндылығы жоғары малдың зауыттық және бір тұқым ішіндегі, аймақтық типтерін, зауыттық желісін өсіру, жетілдіру және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға;»;

«10) асыл тұқымды малдың ұрығын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық (бұдан әрі – дистрибьютерлік орталық) – бағаланған асыл тұқымды тұқымдық малдың ұрығын сатып алу, сақтау және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға; » ;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің тізілімі – уәкілетті органның интернет-ресурсында қалыптастырылатын және орналастырылатын , асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалардың тізбесі;»;

13), 14) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«13) асыл тұқымдық орталық – асыл тұқымды тұқымдық малды күтіп-ұстау, олардың ұрығын, эмбриондарын алу, жинақтау, сақтау және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға;

14) асыл тұқымдық репродуктор – құстардың тұқымдары мен кросстарының арғы

ата-енелік немесе ата-енелік тобын өсіру, жетілдіру және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлға;»;

«17) асыл тұқымдық шаруашылық – асыл тұқымды ірі қара малды қоспағанда, асыл тұқымды малдың белгілі бір түрін, тұқымын, желілерін және типтерін өсіру мен өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлға;» ;

18) және 19) тармақшалар алып тасталсын;
22), 39) және 44) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«22) бағалаушы (сыныптаушы) – малды бағалау жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға;»;

«39) техник-ұрықтандырушы – малды қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға;» ;

«44) эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі маман – жоғары өнімді асыл тұқымды малдың эмбриондарын алу, криоконсервациялау және ауыстырып салу жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға;» ;

2) 11-баптың 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«асыл тұқымдық зауыттарды, асыл тұқымдық шаруашылықтарды және асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштерін;»;

3) 13 - б а п т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) асыл тұқымдық зауыттарды, асыл тұқымдық шаруашылықтарды және асыл тұқымдық репродукторларды бағалаудың ең төменгі көрсеткіштерін әзірлейді;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

13-2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;»;

28) тармақша алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, жартыжылдық тексерулер жүргізудің жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

4) 16-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген

тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы хабарламаларды қабылдауға құқылы.»;

5) 16-1-баптың 1) тармақшасы алып тасталсын;

6) 16-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-2-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама жасау

1. Жеке және заңды тұлғалар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағанға дейін ол туралы уәкілетті органға «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен хабарлама жасауға м і н д е т т і .

2. Асыл тұқымдық зауыттар, асыл тұқымдық шаруашылықтар немесе асыл тұқымдық репродукторлар ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалар:

1) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуге;

2) асыл тұқымдық зауытты немесе асыл тұқымдық шаруашылықты немесе асыл тұқымдық репродукторды бағалаудың ең төменгі көрсеткішіне сай болуға;

3) малға өз өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалау (асыл тұқымдық зауыттар үшін) жүргізуге;

4) асыл тұқымды малға бағалау жүргізуге;

5) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

3. Асыл тұқымдық зауыттар, асыл тұқымдық шаруашылықтар немесе асыл тұқымдық репродукторлар ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалар хабарламаға мыналардың:

1) жеке куәлігінің (жеке тұлғалар үшін);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлға үшін);

3) жеке және заңды тұлғалар мамандарының қатысуымен ғылыми ұйымдардың ғалымдары әзірлеген, тұқымдары, типтері, кросстары сапалық анықтаудан өткізілген немесе жасалған малмен жүргізілетін селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс ж о с п а р ы н ы ң ;

4) м ы н а л а р д ы :

тұқымы сапалық сынақтан өткізілген асыл тұқымды малды, бір тұқым ішіндегі және зауыттық типтерді, зауыттық желілер мен белгілі бір тұқым кросстарын күтіп-ұстауды және пайдалануды (асыл тұқымдық зауыттар үшін);

тұқымы сапалық сынақтан өткізілген асыл тұқымды мал төлін, бір тұқым ішіндегі және зауыттық типтерді, зауыттық желілер мен белгілі бір тұқым кросстарын бағыттап өсіруді (асыл тұқымдық зауыттар үшін);

малды өз өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалау жөніндегі бақылау-сынақтан өткізу аулалары мен пункттерінің жұмыс істеуін (асыл тұқымдық

з а у ы т т а р ү ш і н) ;
асыл тұқымды малдың белгілі бір түрін, тұқымын, желілері мен типтерін өсіруді және өткізуді (асыл тұқымдық шаруашылықтар үшін);
құстардың тұқымдары мен кросстарының желілерін және (немесе) арғы ата-енелік тобын өсіруді, жетілдіруді және өткізуді (бірінші реттегі асыл тұқымдық р е п р о д у к т о р л а р ү ш і н) ;

құстардың тұқымдары мен кросстарының ата-енелік тобын өсіруді, жетілдіруді және өткізуді (екінші реттегі асыл тұқымдық репродукторлар үшін) қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың;

5) объектіге жасалған ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың;

6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген жұқпалы аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық эпизоотиялық бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың көшірмелерін қоса береді.

4. Асыл тұқымдық орталық ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға х а б а р л а м а ж а с а ғ а н з а ң д ы т ұ л ғ а :

1) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі;

2) малға өз өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалау жүргізуі;

3) асыл тұқымды малға бағалау жүргізуі;

4) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

Хабарламаға осы баптың 3-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттар, сондай-ақ:

1) жоғары өнімді асыл тұқымды тұқымдық малдың болуын растайтын асыл тұ қ ы м д ы қ к у ә л і к т е р д і ң ;

2) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында өндірістік үй-жайларының (ауыл шаруашылығы малының тұқымдық малын күтіп-ұстауға арналған үй-жайдың, тұқымдық малдың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертхананың, ветеринариялық-санитариялық тексеру өткізетін орынның, карантиндік үй-жайдың, изолятордың, зертханалық және криогендік жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілеуші құ ж а т т а р д ы ң ;

3) сәйкестендіру жүргізуді растайтын ветеринариялық паспорттардың;

4) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың ақпараттық базасының болуын растайтын жергілікті атқарушы органның анықтамасының көшірмелері қоса беріледі.

5. Дистрибьютерлік орталық ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға:

1) меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі;

2) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

Хабарламаға осы баптың 3-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттар, сондай-ақ стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайларды, зертханалық және криогендік жабдықтарды қоса алғанда, меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

6. Малдың белгілі бір түрі және өнімділігінің бағыты бойынша бағалаушы (сыныптаушы) ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке куәлігінің;

2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның;

3) ауыл шаруашылығы малының тиісті түрі бойынша бағалау курстарынан өткендігі туралы сертификаттың көшірмелерін қоса береді.

7. Техник-ұрықтандырушы ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке куәлігінің;

2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның немесе осы бейін бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың;

3) ауыл шаруашылығы малын қолдан ұрықтандыру курстарынан өткендігі туралы сертификаттың;

4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелерін қоса береді.

8. Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі маман ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке куәлігінің;

2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы

д и п л о м н ы ң ;

3) ауыл шаруашылығы малының эмбриондарын телу (ауыстырып салу) бойынша курстардан өткендігі туралы сертификаттың;

4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік немесе технологиялық жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелерін қоса б е р е д і .

9. Ірі қара мал тұқымдары бойынша республикалық палаталар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметін уәкілетті органға хабарлама жасамай-ақ жүзеге а с ы р а д ы .

10. Осы бапта көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

Құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілген жағдайда құжаттар электрондық нысанда ұсынылады.».

26. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 9, 81-құжат; № 11, 102-құжат ; 2 0 1 2 ж . , № 4 , 3 2 - қ ұ ж а т) :
7-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

27. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

2) 19-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі «Сапаны сыртқы бақылауды жүргізудің ережесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген» деген сөздер «Сапаға сыртқы бақылауды жүргізудің қағидаларын уәкілетті орган айқындайтын» деген сөздермен ауыстырылсын.

28. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат):

18-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

29. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7-баптың 1-тармағының 25) және 30) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«25) карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық және карантиндік сертификаттар береді;»;

«30) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) карантинге жатқызылған өнім мен өсімдіктер карантині жөніндегі бақылау және қадағалау объектілерін тексеріп қарау, қарап тексеру, фитосанитариялық сараптама жүргізу және қажет болған жағдайда, залалсыздандыру кезеңінде, сондай-ақ оларды

фитосанитариялық не карантиндік сертификатсыз тасымалдау кезінде немесе олар фитосанитариялық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кідіртуге;»;

4) 1 3 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана рұқсат етіледі.

Карантинге жатқызылған өнімге арналған кедендік құжаттарды ресімдеу фитосанитариялық қадағалаудан өткізілгеннен кейін жүргізіледі.

Егер басқа мемлекеттердің карантиндік шаралары Қазақстан Республикасында қолданылатын фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін болса, о л а р т а н ы л а д ы .

Импорттық және транзиттік карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жабық немесе изотермиялық, ақаусыз және пломбаланған контейнерлермен, герметикалық орамдармен, вагондармен, автофургондармен, авторефрижераторлармен және басқа да көлік құралдарымен т а с ы м а л д а н а д ы .

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің, сондай-ақ артықшылықтар мен иммунитетті пайдаланатын тұлғалардың карантинге жатқызылған өнімді әкелуі Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.»;

2-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификаттарынсыз карантинге жатқызылған өнімді;»;

4-тармақтың екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) экспортталатын карантинге жатқызылған өнімге арналған шартта көрсетілген импорттаушы елдің өсімдіктер карантині жөніндегі ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талабын;»;

5-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнім иелеріне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын түсіндіреді, экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуын анықтайды, көлікке, карантинге жатқызылған өнімге сыртқы тексеріп қарауды жүргізеді, карантиндік зиянкестерді, өсімдік ауруларын және арамшөптерді анықтау мақсатында карантинге жатқызылған өнімнен үлгілерді іріктеп алып, оларға сол жерде зерттеу жүргізеді. Қажет болған кезде үлгілер мен объектілер Республикалық карантиндік зертханаға объектілердің қандай карантиндік түрге жататынын растауға беріледі.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Карантиндік объектілермен залалданған көлік құралдары мен карантинге жатқызылған өнімдер, залалсыздандыру көзделген өнімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының ұйғарымы бойынша карантиндік тұрғыдан ықтимал қаупі бар көлік құралдары мен карантинге жатқызылған өнімдер залалсыздандыруға жатады.

Карантинге жатқызылған өнімнің иелері карантиндік қарап тексерудің нәтижелері бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымдарымен көзделген карантинге жатқызылған өнімдерді залалсыздандыруды фумигациялық отрядтармен шарт жасасу негізінде жүргізеді.

Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өнімнен карантиндік объектілер анықталған кезде Кеден одағының кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде фумигациялық камераларда, штабельдерде, кемелер мен баржалардың трюмдерінде, вагондарда, контейнерлерде және көліктің басқа да түрлерінде залалсыздандыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Карантинге жатқызылған импорттық өнімді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының карантинді аймақтарынан өнімді тасымалдаудан кейін көлік құралдарының барлық түрлері өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор белгілеген жерлерде өнім қалдықтары жойыла отырып, міндетті тазартуға, ал қажет болған жағдайда - ф у м и г а ц и я л а н у ғ а ж а т а д ы . » .

30. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

2) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Этил спирті сақтау және өткізу қағидалары

1. Этил спирті Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес:

1) тиісті қызмет түріне лицензиясы болған кезде, сондай-ақ өз қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған, белгіленген тәртіппен бөлінген квота шегінде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіретін ұйымдарға және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына;

2) дайындалуына этил спирті пайдаланылатын алкоголь өнімін өндірушілерге;

3) этил спирті зертхана мұқтаждары үшін немесе алкогольсіз өнім өндіру кезінде техникалық мақсаттарда пайдаланатын ұйымдарға өткізуге жол беріледі.

2. Этил спирті өндіруге лицензиясы болған жағдайда ғана өндірушінің қоймалық

үй-жайларында этил спиртің сақтау және өткізу жүзеге асырылады.

3. Қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар дәріханаларда этил спиртің өткізуді қоспағанда, этил спиртің бөлшек саудада өткізуге жол берілмейді.

4. Этил спиртің сақтау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.» ;

3) 15-баптың 1, 3 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қазақстан Республикасының аумағында этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы (экспорттаудан басқа):

1) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге уәкілетті орган;
2) этил спирті мен алкоголь өнімін Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттерден импорттауға, алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада өткізуге, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері беретін лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады.» ;

«3. Лицензия әрбір қызмет объектісіне нақты мекенжайы бойынша беріледі. Алкоголь өнімін импорттауға арналған лицензия осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көрсетілген түрлері бойынша және сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес олардың атаулары бойынша беріледі.

Лицензия тиісті құжаттармен бірге өтініш ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.» ;

«8. Лицензиар біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін қызмет объектісі орналасқан жер бойынша өзінің аумақтық органдарының қызметкерлерін тартуға құқылы.» .

31. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:
«13-1) стационарлық үй-жайлар - іргетасы бар, олардың тіреу конструкциясына нұқсан келтірмей оларды орнынан ауыстыру мүмкін болмайтын күрделі ғимараттар, құрылыстар немесе олардың бір бөлігі;» ;

2) 4-3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке қоюды жүзеге асырады ; » ;

3) 4-4-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;
4) 10-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қою, қайта есепке қою туралы өтініш түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Өтінішті қараудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің меншік иесіне есепке қою туралы куәлік береді не мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атаумен және сол аумаққа таралатын не оның аты бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің атымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қойғаны туралы куәлік берген болса;

2) егер өтініштің мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келмейтін болса;

3) егер мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қою үшін алым төленбесе;

4) егер меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін қайта есепке қою туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына немесе ақпарат агенттігіне меншік құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың нөмірі мен жылы, айы, күні көрсетілмесе;

5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан аты (атының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі есепке қоюға мәлімделген болса немесе аты мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпарат агенттігінің меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда есепке қоюдан бас тартады.»;

5) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпарат агенттігін есепке қою туралы өтініште:

1) мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері немесе мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық - құқықтық нысаны;

2) мерзімді баспасөз басылымының, ақпарат агенттігі материалдары мен хабарларының тілі (тілдері);

3) шығарылымның болжамды мерзімділігі;

4) негізгі тақырыптық бағыты;

5) таралу аумағы;

6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

7) редакцияның мекенжайы көрсетілуге тиіс.»;

б) 1 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз б а с ы л ы м д а р ы н :

1) стационарлық емес үй-жайларда;

2) мөлдір ораммен буып-түйілмеген күйінде;

3) білім беру ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат үйлерінің (ғимараттарының) үй-жайларында және аумақтарында;

4) жасы он сегізге толмаған адамдарға бөлшек саудада сатуға тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Субъектілер, эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағанға дейін «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметін жүзеге асыратын жердегі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына бұл туралы хабарлама жасауға м і н д е т т і .

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын таратуды бастағаны туралы хабарлама жасаған субъектілердің тізілімін жүргізеді. » .

32. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 64-құжат):

2 3 - б а п т а :

9) және 16) тармақшалар алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) спорт ғимараттарын пайдалану нормалары мен қағидаларын әзірлейді және б е к і т е д і ; » ;

19) тармақша алып тасталсын;

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«27) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

33. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

5-баптың 2-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

34. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат):

1) 10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өзінің кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйым жеке күзет ұйымы болып табылады. Жеке күзет ұйымының, хабарлама жасау тәртібінің шарттарын сақтаған жағдайда, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.»;

2) мынадай мазмұндағы 15-1 және 15-2-баптармен толықтырылсын:

«15-1-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет хабарлама жасау тәртібін сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Хабарлама жасау тәртібі «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету қызметін жүзеге асыратын субъектілер осы Заңның 15-2-бабында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

4. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган осы қызмет түрімен айналысу үшін хабарлама берген субъектілердің тізілімін жүргізеді.

15-2-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және

оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптар

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар:

1) заңды тұлға маманының жұмыс саласына сай келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің;

2) күзет дабылы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тескеруді жүзеге асыру үшін жабдығы бар үй-жайлардың (немесе оларды жалға алу шартының) болуын көздейді.

2. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қойылатын талаптар:

1) жұмыс саласына сай келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің;

2) күзет дабылы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тескеруді жүзеге асыру үшін жабдығы бар үй-жайлардың (немесе оларды жалға алу шартының) болуын көздейді.

3. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын басшылары, қызметкерлері, жеке тұлғалар психикалық ауруына байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмайтын, заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы жоқ не Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шекті мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.»;

3) 20-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«20-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметіне, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.».

35. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, № 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 2-11, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«2-11. Мәліметтер нысаны - мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келетіні туралы ақпаратты қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электрондық немесе өзге де нысандағы құжат.»;

«4. Хабарлама жасау тәртібі деп, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жүзеге асырылатын валюталық операциялар туралы хабарлама жасауды қоспағанда, өтініш берушінің қызметтің немесе белгілі бір іс-қимылдардың жүзеге асырылуы басталғанға дейін бұл туралы осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органға хабарлама жасау міндетін белгілейтін рәсім түсініледі.

5. Хабарлама – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша жасалған, қызметтің немесе белгілі бір іс-қимылдың жүзеге асырылуы басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлайтын (оның ішінде электрондық құжат нысанындағы) құжат.

Хабарламаның нысанын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді.»;
2) 9 - 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«9-1-бап. Регламент және стандарт, мемлекеттік орган және мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы е р е ж е » ;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:
«4-1. Мемлекеттік органның мәртебесі мен құзыреті мемлекеттік орган туралы е р е ж е м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу мен бекіту жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік орган туралы үлгі ережені Қазақстан Республикасының Президенті б е к і т е д і . » ;

3) 9-2-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
«Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында өздеріне көзделмеген функцияларды жүзеге асыруына тыйым салынады.»;

4) 15-2-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
«6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу үшін белгіленген талаптарға сәйкестікті растау өтініш берушінің мәліметтер нысанын ұсынуы арқылы жүзеге асырылады.»;

5) мынадай мазмұндағы 15-3-баппен толықтырылсын:
«15-3-бап. Хабарлама жасау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының заңдарында осындай міндет белгіленген жағдайда қызмет түрлері немесе белгілі бір іс-қимылдар хабарлама жасау тәртібіне жатады.

2. Өтініш берушілер хабарламаларды мемлекеттік органға немесе халыққа қызмет көрсету орталығына береді не оны «электрондық үкімет» веб-порталында электрондық құжат нысанында өтініш толтыру арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда, мемлекеттік органдарда және халыққа қызмет көрсету орталықтарында хабарламаларды қабылдау қағидаларын

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік органның хабарламаны қабылдап алғаны туралы талоны, халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдап алғаны туралы белгісі бар хабарламаның көшірмесі немесе электрондық құжат нысанындағы талон өтініш берушінің хабарлама беру міндетін орындағанын растау болып табылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өтініш беруші қызметті немесе белгілі бір іс-қимылды жүзеге асыруды хабарлама берілгеннен кейін бірден бастауға құқылы.

Жекелеген қызмет түрлерінің немесе іс-қимылдардың ерекшелігі ескеріле отырып, кейбір жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында хабарлама беру үшін мерзімдер белгіленуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда хабарламаға қажетті құжаттар қоса беріледі, бұл ретте мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан алынуы мүмкін құжаттар мен өзге де ақпаратты өтініш берушіден талап етуге тыйым салынады.

5. Мемлекеттік орган хабарламаны алғаннан кейін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауын дербес тексереді.

6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жағдайларда субъектінің қызметі немесе қызметінің жекелеген түрлері тоқтатыла тұруы немесе оларға тыйым салынуы мүмкін.

Қызметті немесе белгілі бір іс-қимылдарды хабарлама жасау тәртібін сақтамай жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда мемлекеттік органдар хабарлама берген субъектілердің тізілімін (бұдан әрі – тізілім) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізеді. Тізілімнен шығарып тастау субъектінің өтініші бойынша, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тыйым салу туралы сот шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады және субъектіні қызметін жүзеге асыру құқығынан айырады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тізілім мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында еркін қолжетімділік режимінде орналастырылады.

Тізілім тәуекелдерді басқару жүйесін және тексеруді жүргізу жоспарын қалыптастыруға негіз болып табылады.

Сот дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген

түрлерін тоқтата тұрған жағдайда тізілімге тиісті мәліметтер енгізіледі.

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, хабарламада көрсетілген қызметті немесе іс-қимылдарды жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ хабарламада толтыру үшін сол туралы ақпарат міндетті болып табылатын тіркеу деректері өзгерген жағдайда, субъект осы бапта белгіленген тәртіппен он жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама беруге міндетті.».

36. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6 , 49 - құ ж а т ; № 11 , 102 - құ ж а т) :

1) 2-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) бағалау туралы есеп – бағалаушының бағалау жөніндегі жұмыстың нәтижелері туралы тапсырыс берушіге беретін, осы Заңның талаптарына сай келетін жазбаша х а б а р ы ; » ;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша бағалау туралы есеп екі данада жасалады, оның біреуі тапсырыс берушіде, екіншісі бағалаушыда сақталады. Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

3) 10-2-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағалау стандарттары Қазақстан Республикасындағы бағалау стандарттары болып танылады.»;

4) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Бағалаушылар палаталарының қызметін бақылау

1. Уәкілетті орган осы Заңның талаптарын бағалаушылар палаталарының орындауына бақылауды жүзеге асырады.

2. Бақылау тексеру нысанында және бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бақылаудың өзге де нысандары осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. » ;

5) 19 - б а п т а :

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

3) бағалау стандарттарын әзірлеу;»;
мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу;».

37. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат, № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат):

1) 6 - б а п т а :

3 - 1) тармақша алып тасталсын;

20-1) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«20-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

«22) астық нарығына қатысушыларда астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексеру;»;

2) 7-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау.»;

3) 33-2-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) астық нарығына қатысушыларда астықтың нақты болуы мен сапасын және оның есептік деректерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.».

38. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 10, 86-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат) :

6-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің,

тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеуге және бекітуге;».

39. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 10-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) туроператорлық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;»;

2) 11-баптың 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«20) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

40. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 17-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға хабарлама жасамай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу;»;

2) 20-бапта:

12) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану;»;

«22) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

23) тармақша алып тасталсын;

3) 24-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
» ;

4) 25 - б а п т а :

1-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
» ;

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
» ;

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
» ;

5) 26-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу;
» ;

6) 30-баптың 6-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Құрылыс салу қағидалары немесе оларға енгізілген өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін жобаларды келісу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұрын берілген рұқсат беру құжаттарында көрсетілген мерзім і ш і н д е қ о л д а н ы л а д ы . » ;

7) 31-1-баптың 3-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының, жобалар сараптамасының оң қорытындысының, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы жіберілетін хабарламаның болуын;»;
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) хабарламада көрсетілген деректердің анықтығын;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдауы тиіс объектілер құрылысы кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) техникалық қадағалауды ұйымдастыруын және жүзеге асыруын;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдауы тиіс объектілердің құрылысы кезінде тапсырыс берушінің (меншік иесінің) авторлық қадағалауды ұйымдастыруын;

6-2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында техникалық және авторлық қадағалаудың мемлекеттік нормативтермен белгіленген техникалық және авторлық қадағалауларды (инжинирингтік қызметтер көрсетуді) жүзеге асыру тәртібін сақтауын анықтайды.» ;

3 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың, жобалар сараптамасының оң қорытындысының, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын органдарға жіберілген хабарламаның болуына;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) хабарламада көрсетілген деректердің анықтығына;»;

8) тармақшадағы «жүзеге асырылуына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады.» деген сөздер «жүзеге асырылуына;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) техникалық және авторлық қадағалаудың сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында техникалық және авторлық қадағалауларды (инжинирингтік қызметтер көрсетуді) жүзеге асырудың мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртібін сақтауына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырады.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

4-тармақтың 3) тармақшасындағы «жүргізу құқығы беріледі.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін, осы хабарлама алынған кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей объектілер мен кешендерге бару құқығы беріледі.»;

9) 3 4 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдауы тиіс объектілердің құрылысы кезінде;»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссиялары пайдалануға қабылдауы тиіс объектілердің құрылысы барысында жүргізілетін авторлық қадағалау шарт негізінде жүзеге асырылады.»;

10) 34-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қабылдау және қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдауы тиіс объектілердің құрылысы кезінде міндетті түрде техникалық қадағалау жүзеге асырылуға тиіс.»;

11) 37-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) қала құрылысы және сәулет-жоспарлау тапсырмаларын беру;»;

12) 60-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Объектілерді және олардың кешендерін бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынсыз не белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілмеген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша салған (кеңейткен, жаңғыртқан, техникалық қайта жарактандырған, реконструкциялаған, қалпына келтірген, күрделі жөндеуден өткізген) жағдайда, құрылыс-монтаждау жұмыстары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес тоқтатыла тұрады.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын қайта бастау белгіленген тәртіппен сараптамадан өткізілген тиісті жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы болған кезде ғана жүргізіледі.»;

13) 64-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары:

1) құрылыстың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын;

2) осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекіту үшін негіз болып табылады.

Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік инвестициялар есебінен немесе олардың қатысуымен салынатын объектілер бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы болмаса, жобалау құжаттамасын бекітуге жол берілмейді.»;

14) 68-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Тапсырыс беруші құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен сараптаманы өткізу міндетті болған жағдайда оның оң қорытындысының және жер учаскесін таңдау актісінің көшірмелерін қоса бере отырып, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле басталғаны туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарға хабарлама жасауға міндетті.»;

15) 75-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілген талапты аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру кезінде белгілейді және ол осы тапсырмада көрсетілуге тиіс.»;

16) 76-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көрсетілген шектеулерді жергілікті атқарушы органдар тапсырыс берушіге (құрылыс салушыға) сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру кезінде белгілейді және олар осы тапсырмада көрсетілуге тиіс.».

41. «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат):

1) 1-баптың 37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«37) локомотивтік тартқыш операторы – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тартқыш көлік құралына (локомотивке) иелік ететін, оны күтіп-ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға;»;

2) 10-бап алып тасталсын;

3) 14-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

«22-1) темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;»;

2 - тармақта:

25) және 30) тармақшалар алып тасталсын;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

4) 57-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кірме жолдардың магистральдық және стансалық жолдарға жалғастырылуы магистральдық темір жол желісі операторының келісуімен жүзеге асырылады.

Магистральдық темір жол желісінің операторы кірме жолдарды магистральдық және стансалық жолдарға жалғастырудан бас тартқан жағдайда табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шағымдарды қарауды жүзеге асырады.».

42. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж.,

№ 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

8) тармақша алып тасталсын;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау қағидаларын бекіту;»;

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша алып тасталсын;

16), 18), 23) және 35) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«16) порттың теңіз әкімшілігі арқылы жүзеге асырылатын теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау;»;

«18) Пайдаланудағы, қыста тоқтатып қойған кемелерге уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің тексеріп қарау жүргізуін бақылау;»;

«23) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау және қадағалау;»;

«35) шетелдік сыныптау қоғамдарының немесе Кеме қатынасы тіркелімінің теңіз кемелеріне техникалық қадағалау жүргізуін және олардың сыныпталуын мемлекеттік бақылау ; » ;

39) тармақша алып тасталсын;

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«47) шағын кемеменің кеме жүргізушілерін даярлау бойынша курстарды есепке алу;»;

2) 8-3-баптың 4, 5 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалау қағидаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді техникалық қадағалауды уәкілетті орган бастапқы, жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу, сондай-ақ арнайы және бақылап тексеруді жүргізу арқылы жүзеге асырады . » ;

«7. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өтуге және оларда шағын көлемді кемемені басқару құқығына куәлігі болуға тиіс.

Шағын көлемді кемемені басқару құқығына арналған куәлік беруді, кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алуды уәкілетті орган кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады .

Ұйымдар шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі

курстарды ашу кезінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне:

1) оқытушылар құрамының су көлігі саласындағы мамандық бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі туралы дипломдарының көшірмесін;

2) кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгі бағдарламасы негізінде әзірленген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бойынша оқу бағдарламасын;

3) оқу процесін ұйымдастыру үшін меншік құқығындағы немесе жалға алынған үй-жайдың болуын растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, қызметті бастағаны туралы хабарлама жібереді.

Хабарлама жасау «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.».

43. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат):

1) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) авторлық құқық пен сабақтас құқықтар, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы объектілерін пайдалану саласында;

2) нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді.»;

2) 21-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

3) 24-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) орталық мемлекеттік органдарда, сондай-ақ мәслихаттар мен әкімдіктерде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді тексеруді жүзеге асыруға.».

44. «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 7-8, 77-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж.,

№ 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 9, 44-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат):

1) 7-баптың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

2) 11-1-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы декларация сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесімен бірге тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынылады.»;

3) 13-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-2-бап. Жаттығу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар

1. Қауіпті өндірістік объектіде ұйым басшысы бекіткен жоспар бойынша жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығулар жүргізіледі.

Ұйым жаттығу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін жазбаша хабардар етеді.

2. Ұйым басшысы жаттығу дабылын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және авариялық-құтқару қызметінің өкілдерімен бірлесіп жүргізеді.

3. Жаттығу дабылының қорытындылары актімен ресімделеді. Актіде жазылған ұсыныстардың орындалуын бақылау ұйымның басшысына жүктеледі.»;

4) 14 - 8 - бап алып тасталсын;

5) 14-10-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өтініш беруші технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат алу үшін:

1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың қолданылу мақсаты және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараты бар электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесін береді.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалары технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат алу үшін уәкілетті органға:

1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың қолданылу мақсаты және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараты бар өтінішті;

2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындыны береді.»;

6) 14-13-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Аттестаттау үшін ұйым уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өнеркәсіп саласын және жүзеге асырылатын қызметтің түрін көрсете отырып, электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесін ұсынады.

3. Құжаттарды қарау құжаттарды толық көлемде берген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.».

45. «Геодезия және картография туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 5 - б а п т а :

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін, геодезия және картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;»;

2) 6 - б а п т а :

4), 7), 9) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мемлекеттік геодезиялық бақылауды жүзеге асыру;»;

«7) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерін қоспағанда, геодезия және картография саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу , б е к і т у ; » ;

«9) геодезиялық пункттерді есепке алу және олардың сақталуын қамтамасыз етуді б а қ ы л а у ; » ;

«11) Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда геодезиялық және картографиялық жұмыстарды тоқтата тұру;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) және 15-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) геодезиялық және картографиялық қызметінің басталғандығы туралы хабарлама берген субъектілердің тізілімін жүргізу;

15-2) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулерді жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Геодезия және картография саласындағы хабарлама

1. Геодезиялық және картографиялық қызметтің мынадай түрлері «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен

берілетін хабарлама бойынша жүзеге асырылады:
1) геодезиялық жұмыстарды жүргізу;
2) картографиялық жұмыстарды жүргізу.

2. Осы Заңның 7-1-бабына сәйкес геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптарға сәйкес мәліметтер мен құжаттар хабарламаға қоса беріледі.»;

4) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:
«7-1-бап. Геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптар

Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізуді жүзеге асыратын субъектілерде:

1) геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін, меншікті немесе жалға алынған салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар және құрал-саймандар жиынтығының не зауыттық нөмірі көрсетілген, салыстырып тексерілген аспаптар, жабдықтар, құрал-саймандар жиынтығы бар ұйыммен жасалған қызмет көрсетуге арналған шарттың;

2) штатында геодезия және (немесе) картография саласында жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар маманның болуы міндетті.»;

5) 9-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы және 12-баптың 8-тармағы алып тасталсын.

46. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

6-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«26) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

47. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 8, 64-құжат):

8-баптың 43) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«43) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

48. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 173-құжат):

7-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

49. «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 1-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) құжаттың электрондық көшірмесі – өтініш берушінің немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттіктері бар адамның не мемлекеттік қызмет көрсетуді алушының өзінің жеке қатысуы кезінде берген жазбаша келісімі негізінде халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілеттік берілген қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;»;

2) 5-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттың электрондық көшірмесі беріледі.».

50. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат;

2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 6, 46-құжат):

1) 1-баптың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) технологиялық жабдық – инвестициялық жобаның немесе инвестициялық стратегиялық жобаның технологиялық процесінде пайдалануға арналған тауарлар.»;

2) 19-баптың 1), 3), 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің заңды тұлғаның басшысы қолымен және мөрімен расталған көшірмесі;»;

«3) заңды тұлға жарғысының заңды тұлғаның басшысы қолымен және мөрімен расталған көшірмесі;»;

«5) инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізатты және (немесе) материалдарды сатып алуға жұмсалған шығындарды негіздейтін, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін құжаттардың заңды тұлғаның басшысы қолымен және мөрімен расталған көшірмелері;

6) инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдіктерін белгілейтін құжаттардың заңды тұлғаның басшысы қолымен және мөрімен расталған көшірмелері. Инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны өз қаражатынан қаржыландырған жағдайда олардың бар екендігі туралы жазбаша растама қағазы қоса беріледі;».

51. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1 - б а п т а :

5), 24) және 32) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) байқаудан өткізуші – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы органына ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметтің басталғандығы туралы хабарлаған жеке тұлға;»;

«24) тұқымдар тобы – тиісті құжатпен (байқаудан өткізу актісімен, тұқым аттестатымен, тұқым куәлігімен, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлікпен, тұқымдарға талдау жасау нәтижесімен, карантиндік сертификатпен, фитосанитариялық сертификатпен) расталған, шығу тегі мен сапасы жағынан біртектес тұқымдардың белгілі бір мөлшері;»;

«32) тұқым сарапшысы – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісті жергілікті атқарушы

органына тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметтің басталғандығы туралы хабарлаған, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана маманы;»;

2) 4 - б а п т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

оныншы абзацтағы «байқаудан өткізушіні және тұқым сарапшысын қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сұрыптық егістерін байқаудан өткізу және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларын есепке алу;»;

1 2) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

3) 5-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау тәртібін бекітеді;»;

4) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау тәртібін әзірлейді;»;

1 3) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«28) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

5) 6-1-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметінің басталғандығы туралы хабарлаған байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларын есепке алуды жүзеге асырады;»;

6) 8-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына :

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәліктің қолданылуын;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қ ы з м е т т і ;

тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;»;
7) 9 - б а п т а :

2-тармақтың 1) және 4) тармақшалары алып тасталсын;
3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тұқымдарды өндіру, дайындау, өңдеу, сақтау, өткізу, тасымалдау және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын мынадай:»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) байқаудан өткізу кезеңінде байқаудан өткізушілердің жұмысын, сондай-ақ тұқым өндірушілердің осы Заңның 14-бабы 2-тармағының нормаларын сақтау нысанасына оларды тексеруді;»;

8) 10-баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

9) 11-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар кіреді.»;

10) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

«14-1-бап. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметке қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р

1. Жеке тұлғалар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметті және тұқымдардың сорттық және егістік сапасына сараптаманы жүзеге асыру үшін хабарламамен бірге:

1) аграрлық бейіндегі немесе өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және өңдеу жөніндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімінің б о л у ы н ;

2) арнайы даярлықтан өткендігін (байқаудан өткізушілер үшін – байқаудан ө т к і з у ш і л е р к у р с т а р ы) ;

3) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханадағы (тұқым сарапшылары үшін) жұмысы немесе тағылымдамасы (кемінде екі ай) туралы мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

2. Байқаудан өткізушілер және (немесе) тұқым сарапшылары мынадай талаптарға с а й б о л у ғ а т и і с :

1) байқаудан өткізушілер үшін:

аграрлық бейіндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі б і л і м і н і ң ;

арнайы даярлығы (байқаудан өткізушілер курстары) туралы құжаттың болуы;

2) тұқым сарапшылары үшін:

аграрлық бейіндегі мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі
б і л і м і н і ң ;

тұқым сапасына және екпе материалына сараптама жасау жөніндегі зертханадағы
жұмысы немесе тағылымдамасы (кемінде екі ай) туралы құжаттың болуы.»;

11) 22-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тек қана себуге арналған тұқымдар тобынан сынамаларды іріктеп алуды тұқым
өндірушілердің өтінімі бойынша тұқым сарапшылары және (немесе) тұқым сапасына
сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертханаларда тиісті даярлықтан өткен
тұқым өндірушілер (олардың өкілдері) жүргізеді.»;

12) 23-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Байқаудан өткізушілер мен тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі
аттестатталған зертханалар берген, олардың сорттық және егістік сапасын растайтын
құжаттар (сорттық егістерді байқаудан өткізу актісі, тұқымдардың кондициялығы
туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижелері) негізінде тұқым өндірушілер
тұқым аттестатын немесе тұқым куәлігін береді.».

52. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,
№ 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-
құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-
құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-
құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат
)

1) 1 - б а п т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау – тұрақты
тасымалдауға жатпайтын, белгіленген тәртіппен берілген лицензиялары бар
тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып жүзеге
а с ы р а т ы н т а с ы м а л д а у л а р ; » ;

мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет
көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Автокөлік құралдарын тахографтармен жабдықтау жөніндегі
т а л а п т а р

1. Тахографтармен жабдықтауға автобустар, жүк автомобильдері, оның ішінде:

1) қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды;

2) жолаушыларды, багажды және жүктерді автомобильмен халықаралық
т а с ы м а л д а у д ы ;

3) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты

т а с ы м а л д а у д ы ;

4) жолаушыларды және багажды автомобильмен облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын мамандандырылған автомобильдер жатады.

2. Тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді сервис орталықтары (шеберханалар) жүзеге асырады.

3. Тахографтарды, оның ішінде электрондық (цифрлық) тахографтарды және электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды пайдалану жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, оларда:

1) жүргізушілердің еңбек және тынығу режиміне және оны тіркеуге қойылатын т а л а п т а р ;

2) тахографтарды орнату және пайдалану жөніндегі талаптар;

3) тахографтарды орнатуды және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын сервис орталықтарына (шеберханаларға) қойылатын талаптар;

4) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу тәртібі;

5) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды сертификаттау және беру тәртібі;

6) электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқордың жұмыс істеу тәртібі белгіленеді.

4. Электрондық карточкаларды қолданбай электрондық (цифрлық) тахографтарды пайдалануға жол берілмейді.

5. Жеке немесе заңды тұлғалар тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталуы алдында «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.»;

3) 12-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекітеді;»;

4) 13 - б а п т а :

16) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«16) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

«18) халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама

берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;»;
19) тармақша алып тасталсын;
20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;»;

5) 19-5-баптың 1-тармағында:

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың болуын тексеру арқылы жүргізіледі.»;

6) 19-6-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған (Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға уәкілетті орган берген арнайы рұқсатпен, қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкісімен, жүргізушіге және автокөлік құралына қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәліктермен);
»;

3-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары талаптарының орындалуын;»;

11) тармақша алып тасталсын;

7) 19-7-баптың бірінші бөлігінде:

13) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«13) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;»;

«15) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп-тұруына рұқсаттар беру;»;

мынадай мазмұндағы 22) және 23) тармақшалармен толықтырылсын:

«22) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

23) сервис орталықтарын (шеберханаларды) бақылау.»;

8) 19-8-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік рейстен кері бағытта қайтып бара жатқан шетелдік жүк автокөлік құралына Қазақстан Республикасының аумағында жолшыбай жүк тиелген кезде «Салық және бюджетке төленетін басқа да

міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп-тұрғаны үшін алым сомасы төленгеннен кейін уәкілетті орган беретін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұруға қосымша р ұ қ с а т т ы ң б о л у ы қ а ж е т . » ;

9) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«26-бап. Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұ й ы м д а с т ы р у

1. Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастау алдында «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің басталғаны туралы хабарламаны уәкілетті органға жіберуге міндетті.

2. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға (бұдан әрі – таксимен тасымалдаушы) жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде:

1) жолаушыларды және багажды тасымалдау үшін автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау қағидаларына сәйкес бірыңғай түсті гаммасы және айырым белгілері бар таксилерді пайдалануға;

2) әрбір автокөлік құралы үшін таксометрдің немесе бақылау-кассалық аппараттың б о л у ы ;

3) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық байқаудан және такси жүргізушілерінің рейс алдында (ауысым алдында) медициналық тексеруден өтуін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

4) диспетчерлік қызметтің немесе диспетчерлік қызмет көрсету шартының болуын қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

5) таксидің ақауы болған жағдайда, оны уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Таксимен тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де м і н д е т т е р д і а т қ а р а д ы .

3. Тасымалдаушының жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша:

1) таксилердің тұруы, жолаушыларды отырғызу мен түсіру үшін таксилердің арнайы жабдықталған тұрақтарын пайдалануға;

2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуға және түсіруге құқығы бар.

Таксимен тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қ ұ қ ы қ т а р ы б а р . » ;

10) 37-бап мынадай мазмұндағы 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті

тасымалдауға арналған рұқсат беру құжаты – арнайы рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

5. Жүргізушіге халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлікті халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар береді.

6. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға халықаралық және республикаішілік қатынастарда қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдары жүргізушілерін арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастау алдында «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға белгіленген нысанда хабарлама жіберуге міндетті.

7. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларында:

- 1) қауіпті жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі;
- 2) қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілеріне қойылатын талаптар;
- 3) қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптар;
- 4) қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп-тұру тәртібі;
- 5) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсатты беру тәртібі айқындалады. ».

53. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

5-баптың 2-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

54. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар):

31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі міндетті расталуға жататын тауарларды көтерме

саудада сату кезінде сатып алушының талабы бойынша оған сәйкестік сертификатын не сәйкестік сертификаты көшірмесінің берілген күнін көрсете отырып, тауарларды беруші болып табылатын заңды тұлға басшысының немесе құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның немесе дара кәсіпкердің мөрімен және қолымен расталған сәйкестік сертификатының көшірмесін не сәйкестік туралы декларацияны көрсетуге;».

55. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 8, 63, 64-құжаттар):

1) 2-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«18) байланыс операторы – байланыс қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлға;»;

2) 7 - бапта:
14-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«14-5) жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту;»;
мынадай мазмұндағы 14-9) тармақшамен толықтырылсын:

«14-9) байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;»;

3) 8 - бапта:
1 - тармақта:

8-1), 8-3) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«8-1) радиобақылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожіілік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауына тексеру жүргізу;»;

«8-3) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

«18) ұлттық ресурстардың және байланыс операторларының тізілімдерін жүргізу;»;
мынадай мазмұндағы 19-6) тармақшамен толықтырылсын:

«19-6) байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге

қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;»;

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақша алып тасталсын;

9-1) және 9-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) радиобақылауды жүзеге асыру және байланыс саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың радиожиилік спектрін пайдалануына және байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын сақтауына тексеру жүргізу;

9-2) байланыс операторларының байланыс саласында қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптарын, байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын, почта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағындағы почта жөнелтілімдеріне почта штемпелін қолдану қағидаларын сақтауын бақылау;»;

4) 9-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы және 11-баптың 5-тармағы алып т а с т а л с ы н ;

5) 12-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Байланыс операторларына және радиожиилік спектрін өндірісішілік қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануды көздейтін тұлғаларға радиожиилік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттар белгіленген үлгідегі өтінімдер уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей беріледі.»;

6) 18-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) радиожиилік спектрі көлемінің жеткіліксіз болуы себепті байланыс қызметі Қазақстан Республикасының Радиожииліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы белгілі бір аумақта жұмыс істейтін байланыс операторларының ықтимал саны бойынша шектеу ұсынылған ауқымдағы радиожиилікті пайдалана отырып көрсетілетін болса, конкурстық негізде беріледі. Бұл ретте, байланыс операторына радиожиилік спектрін пайдалануға арналған рұқсатта көрсетілетін аумақтарды не елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелер жүктеледі;»;

7) 28-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Байланыс құралдарының, телекоммуникация ғимараттары мен желілерінің бүлінуіне, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды дайындаудың, сатып алудың, әкелудің, пайдаланудың, барлық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың жұмысына арналған радиожииліктерді пайдаланудың белгіленген тәртібін бұзуға жол берген, сондай-ақ теле - және радио қабылдауға нормаланбаған бөгеуілдер жасайтын жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.»;

8) 28-5-баптың 1-тармағы бесінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат берілген, азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құрал мен жоғары жиілікті құрылғының жұмысында бөгеуілдер туындаған жағдайда:»;

9) 5-1-тарау мынадай мазмұндағы 28-8-баппен толықтырылсын:

«28-8-бап. Радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі

1. Радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі – уәкілетті органның радиожиілік ресурсын пайдалану жөнінде шешім қабылдауы үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында радиосигналдардың және радиосәуле тарату көздерінің параметрлері мен сипаттамалары туралы деректерді жинау, өңдеу, талдау және сақтау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені.

2. Азаматтық мақсаттағы радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі:

1) радиожиілік спектрін пайдаланудың тиімділігін анықтау;

2) радиосәуле тарату параметрлері мен сипаттамаларын дерекқорда тіркелген көздердің мәлімделген параметрлері мен сипаттамаларына сәйкестендіру;

3) тіркелмеген радиосәуле тарату көздерін табу;

4) радиосәуле тарату көздерінің орналасқан жерін табу;

5) Халықаралық электр байланысы одағының, Өңірлік электр байланысы одағының және Компьютерлік оқыс оқиғаларға ден қою қызметінің ұсынымдары бойынша, сондай-ақ шекара маңындағы елдердің байланыс әкімшіліктерінің өтініштері бойынша жұмыстарды орындау шеңберінде өлшеулер жүргізу;

6) азаматтық мақсаттағы радиожиілік спектрі, радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар мониторингі нәтижелерін есепке алу, сақтау және өңдеу мақсатында жүзеге асырылады.». .

56. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат ; № 1 2 , 1 1 1 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13-1) кеме ипотекасы – мемлекеттік тіркеуге жататын ішкі суда жүзетін кеменің, шағын көлемді кеменің, «өзен-теңізде» жүзетін кеменің тиісті тізілімде тіркелген шарт негізінде туындайтын ипотекасы;»;

40) тармақша алып тасталсын;

2) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау құқықтық қамтамасыз ету арқылы, техникалық реттеу, Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.»;

3) 8 - б а п т а :

9) тармақша алып тасталсын;

10) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10) біліктілік комиссиялары туралы ережені, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту;»;

«24) шағын көлемді кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын б е к і т у ; » ;

4) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;»;

20) тармақша алып тасталсын;

2 - т а р м а қ т а :

9) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарында жүзу қағидаларын сақтауын б а қ ы л а у ж әне қ а д а ғ а л а у ; » ;

«11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру;»;

12) тармақша алып тасталсын;

5) 10-бап және 13-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

6) 15-4-баптың 3, 4 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді техникалық қадағалауды уәкілетті орган бастапқы, жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу, сондай-ақ арнайы және бақылап тексеріп қарауды жүргізу а р қ ы л ы жү з е г е а с ы р а д ы . » ;

«6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өтуге және олардың шағын көлемді кемені басқару құқығына арналған куәлігі болуға тиіс.

Шағын көлемді кемені басқару құқығына арналған куәлікті беруді, кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме

жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды есепке алуды уәкілетті орган кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Ұйымдар шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды ашу кезінде аумақтық бөлімшеге:

1) оқытушылар құрамы үшін су көлігі мамандығы бойынша жоғары немесе орта техникалық білімі туралы дипломдарының көшірмелерін;

2) кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларына сәйкес шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлаудың үлгілік бағдарламасы негізінде әзірленген шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу бағдарламасын;

3) оқу процесін ұйымдастыру үшін меншік құқығындағы немесе жалға алған үй-жайдың бар екендігін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, қызметтің басталуы туралы хабарлама жолдайды.

Хабарлама жасау «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.»;

7) 17 - б а п т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ішкі су көлігін, оның ішінде шағын көлемді флотты пайдалану қауіпсіздігін бақылауды және қадағалауды уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері:»;

1), 3), 4), 5) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес кемелер, оның ішінде шағын көлемді кемелер ұшыраған көлік оқиғаларын тексеруді, сыныптауды және есепке алуды жүргізу;»;

«3) кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарының кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуын тексеріп қарауды жүргізу ;

4) кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етудің талаптарына сай келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді кемелерді), салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстау ;

5) кемелерді пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді кемелердің), салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оларға тыйым салу ;» ;

«8) кемелердің командалық құрамының адамдарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес аттестаттау арқылы жүргізіледі. Кемелердің командалық құрамының адамдарын

аттестаттау әрбір келесі бес жыл өткен соң жүргізіледі. Тиісті мамандық бойынша оқу орнын кезекті аттестаттау жылында бітірген, сондай-ақ сол жылы диплом алған адамдар аттестаттаудан босатылады;»;

9) т а р м а қ ш а д а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«9) кемелердің командалық құрамының адамдарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларына сәйкес диплом беру арқылы жүргізіледі. Диплом беру кезінде жұмыс дипломын алу үшін тиісті білімі бар, аумақтық бөлімшеге мынадай құжаттарды:»;

жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Диплом беру туралы өтінішті уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі күнтізбелік о т ы з к ү н і ш і н д е қ а р а й д ы .

Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл жөнінде құжаттар ұсынған адамға құжаттар табыс етілген кезден бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша хабарланады;»;

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізу;»;

16) тармақша алып тасталсын;

17) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) меншік иесінің тұрақты тұратын жері өзгерген, қайта жабдықтау салдарынан кемең техникалық деректері өзгерген жағдайда шағын көлемді кемелерді қайта т і р к е у д і жү р г і з у ;

18) шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды е с е п к е а л у ; » ;

20) тармақша алып тасталсын;

8) 17-1-баптың 2-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) командалық құрамда тиісті лауазымдарға орналасу құқығына дипломдарының, аттестаттау туралы анықтамаларының болуы;»;

9) 23-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы алып тасталсын;

10) 24-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде кемеңі мемлекеттік тіркеген кезден б а с т а п т у ы н д а й д ы . » ;

11) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Кемеге меншік құқығы. Кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу.

Кеме кепілі. Кеме ипотекасы»;
1 2) 2 5 - б а п т а :
3 - тармақ алып тасталсын;
3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1. Кемеге арналған тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтер
құқықтық кадастрға енгізілуге тиіс.»;
13) 26-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:
«6-1. Мемлекеттік кеме тізілімінде және кеме кітаптарында шлюпкалар және кеме
жабдықтары болып табылатын өзге де жүзбелі құралдар тіркелмейді.»;
14) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«32-бап. Кеме кепілі, кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме
и п о т е к а с ы

Кеме кепілі, кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме ипотекасы Қазақстан
Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;
1 5) 3 4 - б а п т а :

1 және 1-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Кемелердің командалық құрамының лауазымдарына орналасуға Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын
кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау
қағидаларына сәйкес тиісті біліктілігі бар адамдар жіберіледі.

1-1. Хабарлама беруді өтініш берушілер уәкілетті органға не оның аумақтық
бөлімшелеріне «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында
белгіленген тәртіппен қызметтің немесе іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы басталғанға
дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жүзеге асырады.»;
4 - тармақ алып тасталсын.

57. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж.,
№ 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-
құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж.,
№ 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж.,
№ 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат;
2 0 1 2 ж . , № 3 , 2 1 - қ ұ ж а т) :

5-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«13) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің,
тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер
жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді.».

58. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004
жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат):

1) 8 - б а п т а :

15-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидаларын бекітеді;»;
мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) жануарлардың санын реттеу қағидаларын бекітеді;»;

2) 9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

11) және 37) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 42-1) және 43-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«42-1) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;»;

«43-2) жануарлардың санын реттеу қағидаларын әзірлейді;»;

45) және 46) тармақшалар алып тасталсын;

47), 51) және 51-23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«47) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат береді;»;

«51) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

«51-23) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;»;

51-32) тармақша алып тасталсын;

3) 14-баптың 3-тармағының 2), 5), 10) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2) жануарлар үйірімен мекендейтін жерді периметрі бойынша олардың індері орналасқан жерге жиырма метр жақын немесе оларды алдын ала басқа жерге көшірмей ж ы р т у ғ а ; » ;

«5) ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшу аппараттарының итбалықтар, тұяқты жабайы жануарлар мен топтасып ұшатын құстар жаппай мекендейтін аумақтардың үстінен бір километр төмен биіктікте ұшып өтуіне;»;

«10) жарылғыш құрылғыларды, улы химикаттарды қолдана отырып (дала кеміргіштерін қыру кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру індеті мен басқа да аурулары жағдайларында уәкілетті органның келісімімен үш жұмыс күні ішінде жүргізілетін улы химикаттарды қолдануды қоспағанда) жануарлар дүниесі

объектілерін

аулауға;

11) уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге;»;

4) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану, оның ішінде бір балықшы бір шыққанда бес килограмға дейін алып шыға отырып, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында әуесқойлық (спорттық) балық аулау қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.»;

5) 27-баптың 2-тармағының 21) тармақшасындағы «бекітуге міндетті.» деген сөздер «бекітуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) зоологиялық коллекцияны жасау туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Хабарлама беруді өтініш берушілер уәкілетті органға не оның аумақтық бөлімшелеріне «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметтің немесе іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жүзеге асырады.»;

6) 33-1-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 12) тармақшасы мен 4-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

7) 35-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бақылау үшін аулауды уәкілетті орган жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатсыз жүзеге асырады.»;

8) 39-баптың 4-тармағының 7) және 8) тармақшалары мен 5-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

9) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану

Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін шаруашылық мақсаттарда пайдалану жалпы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.»;

10) 52-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер алып тасталсын.

59. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат):

1) 7 - б а п т а :

екінші бөліктің 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«7) өнімді таңбалау тәртібін әзірлейді;

8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді.»;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беру жөніндегі қызметтің жүзеге асырылуының басталғандығы туралы хабарлаған шетелдік және халықаралық ұйымдардың тізілімін ж ү р г і з е д і . » ;

2) 26-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Шетелдік үлгінің сәйкестігін растау саласындағы құжаттарды беретін шетелдік және халықаралық ұйымдар «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметінің басталғандығы туралы уәкілетті органға хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы . » .

60. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

7-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді.».

61. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат):

5-бап мынадай мазмұндағы 15-4) тармақшамен толықтырылсын:

«15-4) тракторларды және олардың базасында дайындалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиорациялық және жол құрылысы машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру қағидаларын б е к і т у ; » .

62. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж.,

№ 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) жылдық орташа табыс – соңғы үш жылдағы жиынтық жылдық табыстардың немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлік субъектілері табыстарының үшке бөлінген сомасы;»;

2) 4-баптың 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдігі (Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат берілген) және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету;»;

3) 5 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сараптамалық қорытындылар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері мүшелерінің жинақталған пікірін білдіреді, ұсыным сипатында болады және оларды қабылдағанға дейін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде нормативтік құқықтық актінің жобасына міндетті қосымша болып табылады.»;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне келіспеу себептерінің негіздемесі бар жауап жібереді. Негіздемесі бар мұндай жауаптар оларды қабылдағанға дейін нормативтік құқықтық актінің жобасына міндетті қосымша болып табылады.»;

4) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

шағын кәсіпкерлік субъектілері;

орта кәсіпкерлік субъектілері;

ірі кәсіпкерлік субъектілері.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу критерийлері:

жұмыскерлердің жылдық орташа саны;

жылдық орташа табысы.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу:
мемлекеттік статистика;
мемлекеттік қолдау көрсету;

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін пайдаланылады.

Мемлекеттік статистика мақсаттары үшін жұмыскерлердің жылдық орташа саны бойынша критерийлер ғана пайдаланылады.

Мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін: жылдық орташа саны және жылдық орташа табысы бойынша екі критерийі пайдаланылады.

Бұл ретте, жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларында оны көрсету үшін өзге де критерийлер көзделуі мүмкін.

5. Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің алпыс мың еселенген мөлшерінен аспайтын, заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

6. Мемлекеттік қолдау және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті;

2) акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізуді;

3) астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;

4) лотереялар өткізуді;

5) ойын бизнесі саласындағы қызметті;

6) мұнай, мұнай өнімдерін, газ өндіру, өңдеу және өткізу, электр және жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметті;

7) радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметті;

8) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);

9) аудиторлық қызметті;

10) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті;

11) кредиттік бюролардың қызметін;

12) күзет қызметін;

13) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымымен байланысты қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды.

Осы тармақта көрсетілген қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар - орта кәсіпкерлік субъектілеріне, ал осы баптың 9-тармағында белгіленген критерийлерге сай келген жағдайда ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ойын бизнесі салығын, тіркелген салықты және бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін жұмыскерлердің саны бойынша критерий п а й д а л а н ы л а д ы .

7. Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны аталған субъект филиалдарының, өкілдіктері мен басқа да оқшауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, барлық жұмыскерлер ескеріле отырып, а й қ ы н д а л а д ы .

8. Осы баптың 5 және 9-тармақтарына сәйкес шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып т а б ы л а д ы .

9. Мынадай критерийлердің біреуіне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын және заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып т а б ы л а д ы . » ;

5) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

«6-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы деректерді пайдалану үшін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін ж ү р г і з е д і .

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор.

3. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы ақпарат мүдделі тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік органдарға жұмыста пайдалану үшін электрондық анықтама н ы с а н ы н д а б е р і л е д і .

4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

6) 1 4 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып, мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін және олардың алып жатқан жер учаскелерін шағын

кәсіпкерлік субъектілеріне мүлктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 23-1) және 23-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекітеді;

23-2) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысты есептеу қағидаларын бекітеді;»;

7) 15 - б а п т а :

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 21-1), 21-2) және 21-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«21-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

21-2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлейді;

21-3) жұмыскерлердің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысты есептеу қағидаларын әзірлейді;»;

8) 19-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

«5) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік меншік объектілерін және олар алып жатқан жер учаскелерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен көзделген шарттарды олар орындаған жағдайда шарт жасасқан кезден бастап бір жыл өткен соң өтеусіз беру жолымен жүзеге асырылады.»;

9) 33-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес жергілікті өкілді органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін талаптарды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының ғана деңгейінде белгіленеді.».

63. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 114-құжат; 2012 ж., № 3, 27-

қ ұ ж а т) :

8-баптың бірінші бөлігінің 19) тармақшасы алып тасталсын.

64. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111 - қ ұ ж а т) :

6-1-баптың 4-тармағы үшінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйыммен шарттың бар екені расталған кезде мемлекеттік қабылдау комиссиясының тұрғын жайды пайдалануға қабылдау туралы актісіне қол қойылғанға дейінгі мерзімге беріледі.».

65. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25 - қ ұ ж а т) :

1) 6 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын б е к і т е д і ; » ;

12) тармақша алып тасталсын;

2) 7 - б а п т а :

19) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы туралы үлгілік ережені бекітеді;»;

3) 8 - б а п т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясын қ ұ р а д ы ; » ;

13) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік береді;»;

4) 13 - б а п алып тасталсын;

5) 28-2-баптың 4-тармағындағы «күнтізбелік он күн» деген сөздер «жеті жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 35-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету қағидалары шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында жасаған объектілеріне де қолданылады.»;

7) 3 6 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету, сондай-ақ олардың қайтарылуы мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы жүзеге асыратын сараптама негізінде жүзеге асырылады.»;

4 және 6-тармақтар алып тасталсын.

66. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат):

1) 3 - б а п т а :

1) және 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы;»;

«3-1) құжаттың электрондық көшірмесі – өтініш беруші, лицензиат немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттігі бар адам не халыққа қызмет көрсету орталығының уәкілетті қызметкері электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырған, түпнұсқа қағаз құжаттың түрін және ондағы деректерді электрондық цифрлық нысанда толығымен көрсететін электрондық құжат;»;

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

«3-2) құзыретті (салалық) орган – мемлекеттік басқарудың лицензияланатын қызмет түріне жататын тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н ; » ;

9-2) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9-2) лицензиялардың сәйкестендіру нөмірі – әкімшілік құжаттарды нөмірлеу мен кодтаудың бірыңғай жүйесінің стандартына сәйкес лицензиялардың мемлекеттік электрондық тізілімінде генерацияланатын бірегей нөмір;»;

«11) лицензиялық бақылау – лицензиардың лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ ол берілгеннен кейін лицензиаттардың

Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;»;

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) лицензияның электрондық нысаны – қағаз жеткізгіштегі лицензияға тең, ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін электрондық құжат нысанындағы лицензия;»;

2) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы Заңға жаңа қызмет түрлері және (немесе) қызметтің кіші түрлері енгізілген кезде оларды лицензиялау біліктілік талаптарын белгілейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін, сондай-ақ экспорты немесе импорты лицензиялануға жататын жекелеген тауарлар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілерді осы актілер ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күндік мерзім өткенге дейін қолданысқа енгізуге болмайды.»;

3) 6 - б а п т а :

2), 3) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) лицензиарларды айқындау;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бекітетін біліктілік талаптарын, сондай-ақ ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын қоспағанда, біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту;»;

«8) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетіндігі бөлігінде лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;»;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің құжаттардың электрондық көшірмелерін растауы қағидаларын бекітуі;»;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің құжаттардың электрондық көшірмелерін растауы қағидаларын әзірлеуі;»;

5) 8-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптары жобаларын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу және уәкілетті органның келісуі.

Жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарының жобаларын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін әзірлеуді, егер жергілікті атқарушы орган лицензиар болып табылған жағдайда, орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;»;

6) 10-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын

:

«Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық нысанда беріледі. Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және лицензиар-органның мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматта беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.»;

7) 11-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«14) ауыл шаруашылығы;»;

8) 12 және 16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:
«12-бап. Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалау (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
тау-кен өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану;
қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды,
газды, мұнай-газ конденсатын өндіруді жобалау;
қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын, мұнай-газ кен орындарын әзірлеу жобаларын және технологиялық регламенттерді жасау;
қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), мұнайды,
газды, мұнай-газ конденсатын өндіру;
ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу;

кен орындарында технологиялық жұмыстар жүргізу;
пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу;
кеніштер мен шахталарды жабу бойынша жою жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларындағы каротаж жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары;
мұнай, газ ұңғымаларын, оның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау ;

ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу;
ұңғымалар көтергішін орнату;
ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау;

ұңғымаларды жуу, цементтеу, байқаудан өткізу және игеру;
мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту
;

кұрлықта және теңізде мұнайдың төгілуін, ұңғымалардың өздігінен атқылауын,
мұнай және газ шығарындыларын (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) болғызбау
және жою жөніндегі жұмыстар, ұңғымаларды консервациялау;
мұнай-химия, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе)
п а й д а л а н у ;

мұнай-газ кен орындарын эзирлеу жобаларының техникалық-экономикалық
н е г і з д е м е с і н ж а с а у ;

магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын
п а й д а л а н у ;

2) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу;

3) заңды тұлғаларда өз өндірісі барысында және құрамында түсті және (немесе)
қара металл сынықтары және (немесе) қалдықтары болған мүліктік кешенді сатып алу
нәтижесінде пайда болған түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын өткізу
жөніндегі қызметті қоспағанда, заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары
мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, өңдеуі және лицензиаттарға өткізуі.»;

«16-бап. Көлік саласындағы қызметті лицензиялау

Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық)
және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес
тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын
автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу үшін лицензияның болуы
т а л а п е т і л е д і . » ;

9) 18-баптың 1) тармақшасы және 20-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

10) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Байланыс саласында қызметтер көрсетуді ұсыну жөніндегі қызметпен айналысу
үшін лицензияның болуы талап етіледі.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:

қалааралық телефон байланысы;

халықаралық телефон байланысы;

спутниктік жылжымалы байланыс;

ұялы байланыс (стандарт атауын көрсете отырып).»;

1 1) 2 5 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті лицензиялау»;

1) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

12) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті лицензиялау

Қызметтің мына түрлерімен айналысу үшін лицензияның болуы талап етіледі:

1) медициналық қызмет.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
алғашқы медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі, білікті, жедел
медициналық көмек;
диагностика;
патологиялық анатомия;
клиникалық зертханалық диагностика;
қан мен оның компоненттерін дайындау, консервациялау, өңдеу, сақтау және өткізу
;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша
консультациялық-диагностикалық және (немесе) стационарлық медициналық көмек:
акушерлік және гинекология;

педиатрия немесе терапия: жалпы, невропатология, кардиология, ревматология,
гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология (иммунология), гематология, кәсіптік патология, отбасылық дәрігер; инфекциялық
аурулар; фтизиатрия;

хирургия: жалпы, трансплантология, кардиохирургия, ангиохирургия, пластикалық
хирургия, жақ-бетсүйек хирургиясы, нейрохирургия, оториноларингология,
офтальмология, трансфузиология, урология, травматология және ортопедия;
анестезиология және реаниматология;
дерматовенерология (дерматокосметология);

психиатрия: жалпы, наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық
психология;
онкология;
стоматология;

дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануальдық терапия,
рефлексотерапия;

медициналық реабилитология;
сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптама;
еңбекке уақытша жарамсыздық пен кәсіптік жарамдылық сараптамасы;
санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық қызмет:
дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын
өндіру, қайта өңдеу және өткізу, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар
мен көрсетілетін қызмет түрлерін өткізу;

2) фармацевтикалық қызмет.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
дәрілік заттар өндірісі;
медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі;

медициналық техника өндірісі;
дәрілік препараттарды дайындау;
медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау;
дәрілік заттарды көтерме саудада өткізу;
дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу.»;

13) 27-баптың 6) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын;

14) 33-баптың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

« 2) ж о б а л а у қ ы з м е т і .

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
қала құрылысын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи құрылыс аудандарының қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау, оның ішінде:
жоспарлау құжаттамасын (аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын – аудандық жоспарлау жобаларын, елді мекендердің бас жоспарларын, аудандарды, шағын аудандарды, орамдарды, жекелеген учаскелерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен салу жобаларын);
елді мекендердің (елді мекендер шекараларының шегінде орналасқан көше-жол желілері мен қалаішілік және сыртқы көлік объектілерінің) және қонысаралық аумақтардың (елді мекендердің көше-жол желісінен тысқары орналасқан сыртқы көлік объектілері мен коммуникацияларының) көлік инфрақұрылымын дамыту схемаларын;
құрылыс салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді жылумен жабдықтау схемаларын;
ауыз су және (немесе) техникалық су көздерін орналастыра отырып және су ағызуды трассалай отырып, елді мекендерді сумен жабдықтау схемаларын, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді сумен жабдықтау с х е м а л а р ы н ;

тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларын жинау мен ағызудың орталықтандырылған жүйесін, бас тазартқыш құрылыстарды, сарқынды суларды буландырғыштар мен қайта генерациялау объектілерін орналастыруды қоса алғанда, елді мекендер мен өндірістік кешендердің кәріз схемаларын;

елді мекендер мен қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді г а з б е н ж а б д ы қ т а у с х е м а л а р ы н ;

құрылыс салу жүйесінде электр энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді электрмен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасқан өндірістік кешендерді электрмен жабдықтау схемаларын;

инфрақұрылым объектілері мен ақпарат көздерін орналастыра отырып, елді мекендер үшін телекоммуникация және байланыс схемаларын әзірлеу;
ғимараттар мен құрылыстар үшін сәулеттік жобалау (тарих және мәдениет

ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, сәулеттік-реставрациялау жұмыстары үшін жобалау құқығымен), оның ішінде: объектілердің бас жоспарларын, аумақтың инженерлік дайындығын, жер бедерін көркейтуді және ұйымдастыруды; құрылыстық жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу және (немесе) реконструкциялау үшін жобалау, сондай-ақ төменде аталған жұмыстардың әрқайсысы үшін конструкцияларды нығайту құқығымен) және конструкциялау, оның ішінде: негіздер мен іргетастарды; бетон және темір-бетон, тас және арматура-тас конструкцияларды; металл (болат, алюминий және қорытпа) конструкцияларды; инженерлік жүйелер мен желілерді, оның ішінде: жылытудың ішкі жүйелерін (электрмен жылытуды қоса алғанда), желдетуді, кондиционерлеуді, салқын ауамен жабдықтауды, газдандыруды (төмен қысымды газбен жабдықтауды), сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін; су құбыры (ыстық және суық су) мен кәріздің ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін; тоғы әлсіз құрылғылардың (телефондандырудың, өрттен қорғау дабыл құралының) ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың сыртқы желілерін; ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру, 0,4 кВ-ға дейін және 10 кВ-ға дейін электрмен жабдықтау жүйелерін; 35 кВ-ға дейін, 110 кВ-ға дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды; магистральдық мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, газ құбырларын (орта және жоғары қысымды газбен жабдықтауды) жобалау; тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы, оның ішінде: мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнаулы білім беруге, интернаттарға, кадрлар даярлайтын орындарға, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), денсаулық сақтау (ауруларды емдеу және олардың профилактикасы, оңалту және санаториялық емдеу), қоғамдық тамақтану мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жаттығуларға, демалыс пен туризмге, сондай-ақ түрлі қоғамдық мақсаттағы үй-жайлары бар өзге де көп функциялы ғимараттар мен кешендерге арналған; көлік инфрақұрылымына (халыққа тікелей қызмет көрсетуге арналған) және коммуналдық шаруашылыққа арналған (көлік құралдарына қызмет көрсету үшін, сондай-ақ өзге де өндірістік-шаруашылық мақсатындағы ғимараттар мен құрылыстардан басқа) ғимараттар мен құрылыстарды технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу); өндірістік мақсаттағы, оның ішінде: энергетика өнеркәсібіне арналған;

жеңіл және тамақ өнеркәсібін қоса алғанда, өңдеу өнеркәсібіне арналған;
ауыр машина жасауға арналған;
медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібіне арналған;
бөгеттер, дамбалар, басқа да гидротехникалық құрылыстар;
мұнара және діңгек үлгісіндегі конструкцияларға;
көтергіш-көліктік құрылғылар мен лифтілерге арналған объектілерді
технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);
көлік инфрақұрылымы, байланыс және коммуникация, оның ішінде:
автомобиль, электр, теміржол және өзге де рельсті, әуе, су көлігі түрлерін қоса
алғанда, қалаішілік және сыртқы көлікке;
жергілікті байланыс, радио-, телекоммуникация желілеріне;
байланыс (спутниктік байланысты қоса алғанда) және өзге де телекоммуникация
түрлерінің жалпыреспубликалық және халықаралық желілеріне қызмет көрсету
жөніндегі объектілерді технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық
бөлігін әзірлеу);

мыналарды:

теміржол көлігі қатынасы жолдарын;
барлық санаттағы автомобиль жолдарын;
қалалық электр көлігінің көше-жол желісін;
көпірлер мен көпір өткелдерін, оның ішінде көлік эстакадалары мен көп деңгейлі
жолайырықтарын қамтитын технологиялық жобалау (көлік құрылысы жобаларының
технологиялық бөлігін әзірлеу);

өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы объектілерінің
құрылысын технологиялық жобалау (жобалардың технологиялық бөлігін әзірлеу);

3) құрылыс-монтаж жұмыстары.

Қызметтің бұл түрі мынадай кіші қызмет түрлерін қамтиды:
жер қабатындағы арнаулы жұмыстарды, оның ішінде:
іргетас негіздерін орналастыруды;
жер қабатындағы бұрғылау жұмыстарын;
суасты-техникалық жұмыстар мен теңіз қайраңындағы жұмыстарды;
объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын, ғимараттар мен
құрылыстардың (оның ішінде көпірлер, көлік эстакадалары, тоннельдер мен жол
өткізгілер, өзге де жасанды құрылыстар) тірек және (немесе) қоршау
конструкцияларын салуды, оның ішінде:
металл конструкцияларды монтаждауды;
мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылыс конструкцияларын, түгін мұржаларын
монтаждауды;

көпірлер мен көпір өткелдерінің тірек конструкцияларын монтаждауды;
гидротехникалық және селден қорғау құрылыстарын, бөгеттерді, дамбаларды;

түтін мұржаларын, күш түсетін құрылыстарды, градирняларды, шахта үстіндегі тоқпақтарды ;

тау-кен ұңғылау және тоннель жұмыстарын, сүзгілеуге қарсы қалқаларды орналастыруды ;

көтергіш құрылғылардың (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдар мен басқа да көтергіш құрылғылар конструкцияларын) құрылыс конструкцияларын монтаждауды ;

монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрама-бетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды ; шатыр жабу жұмыстарын қамтиды ;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын желілік құрылыстарды салу жөніндегі арнаулы құрылыс және монтаж жұмыстарын, оның ішінде : қысыммен жұмыс істейтін не жарылу-өрт қаупі бар немесе өзге де қауіпті (зиянды) сұйық немесе газ тектес заттарды сақтауға арналған болат резервуарларды (ыдыстарды) ;

мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық желілерін , сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін ; кернеуі 35 кВ-ға дейінгі және 110 кВ-ға дейінгі және одан жоғары кернеулі электр беру магистральдық желілерін ;

байланыс пен телекоммуникацияның жалпы республикалық және халықаралық желілерін қамтиды ;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қоса алғанда, инженерлік желілер мен жүйелердің құрылғысын, оның ішінде :

теміржол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілерін, әуе көлігі кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілерін ;

газбен жабдықтаудың жоғары және орташа қысымды, тұрмыстық және өндірістік газбен жабдықтаудың төмен қысымды желілерін, газбен жабдықтаудың ішкі жүйелерін ;

суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерін, тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларының орталықтандырылған кәрізін, су құбырының, жылу беру мен кәріздің ішкі жүйелерінің құрылғысын ;

электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылытудың ішкі желілерін қамтиды ;

күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және теміржол құрылыстарын салу, оның ішінде :

темір жолдарға арналған негіздерді және оның беткі құрылыстарын салу ; I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ жүрдек және

реттелмелі қозғалыстың қалайшылық магистральдық жолдарының, үздіксіз және реттелмелі қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды ж а й л а с т ы р у д ы ;

III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды; аэродромдардың ұшу-қону жолақтары мен тікұшақ алаңдарының негіздері мен ж а б ы н д ы л а р ы н қ а м т и д ы ;

м ы н а л а р м е н :

гидротехникалық және мелиоративтік құрылыстармен; құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялар өндірісімен; театр-ойын-сауық, білім беру, спорт мақсатындағы объектілермен; байланыспен, авариядан қорғаумен, бақылау және дабыл құралы жүйесімен, көлікте , электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де объектілерде оқшаулаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу мен бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қ о с у - ж ө н д е у ж ұ м ы с т а р ы ; » ;

15) 38-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бас және ерекше лицензиялардың иелері лицензияның орындалу барысы туралы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесіне дейін уәкілетті органға электронды құжат нысанында есеп беруге міндетті.

Біржолғы лицензиялардың иелері лицензияның орындалуы туралы лицензияның қолданылу мерзімі аяқталған соң күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті органға электронды құжат нысанында ақпарат беруге міндетті.»;

16) 42-баптың 1, 2, 3 және 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, егер жергілікті атқарушы орган немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиар болып табылса, жеке немесе заңды тұлғаны тіркеу орны бойынша беріледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін, қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияларды және (немесе) оларға қосымшаларды қоспағанда, өтініштер мен құжаттарды қабылдауды және лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар беруді жүзеге асыратын ұйымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (қызметтің кіші түрлері болған жағдайда) алу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін – жарғының және өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар

берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмелері;

3) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін – өтініш берушіні дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;

6) «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалар берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) ұсыну бөлігінде осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының талабы қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну олардағы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

«Электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы құжаттарды беру кезінде құжаттар электрондық нысанда беріледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын ұсыну туралы талап болған жағдайда мұндай құжаттар халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады.

Куәландырылған құжаттардың анықтығы үшін оларды ұсынған өтініш беруші немесе лицензиат жауапкершілікте болады.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі де белгілей алады.

3. Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) өтініш;

2) қызметтің кіші түріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар. »;

«7. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін тиісті лицензиарға

немесе халыққа қызмет көрсету орталығына ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі аталған органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгісі соғылып, өтініш берушіге жіберіледі (табыс етіледі).»;

1 7) 4 3 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігіндегі «жазбаша түрде» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бермеген жағдайда бес жұмыс күні өткеннен кейін лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алынды деп есептеледі. Өтініштің қабылданғаны туралы өтініш беруші алған хабарлама лицензия алынғанға дейін лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың заңды екенін растайтын құжат болып табылады.»;

18) 45-баптың 2-тармағындағы «жазбаша түрде» деген сөздер алып тасталсын;

19) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«47-бап. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын қайта ресімдеу және беру, сондай-ақ электрондық форматқа аудару

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жоғалған, бүлінген жағдайда лицензиаттың лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, лицензиат телнұсқаны алмастан, оны өтініш бойынша электрондық форматқа аударуға құқылы.

Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкілері лицензиаттың лицензиарға жазбаша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп е с е п т е л е д і .

Лицензиар өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын береді.

Лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың телнұсқалары осы Заңның 10-бабының ережелерін сақтай отырып, электрондық нысанда ресімделеді.

2. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген;

2) дара кәсіпкер қайта тіркелген, оның атауы мен мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға бірігу, қосылу, бөлініп шығу немесе қайта құрылу нысанында қайта ұ й ы м д а с т ы р ы л ғ а н ;

4) заңды тұлғаның атауы және (немесе) заңды мекенжайы өзгерген жағдайларда қ а й т а р е с і м д е л у г е ж а т а д ы .

Қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растай отырып, лицензияны қайта

ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Лицензиат қайта ресімдеу туралы өтінішті лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, күнтізбелік отыз күн ішінде б е р е д і .

Лицензиялық алым төленбеген жағдайда, лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартады.

Лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан көп банк операциялары, сақтандыру қызметінен бір немесе одан да көп сыныптар алып тасталған жағдайда, лицензиат күнтізбелік отыз күн ішінде лицензияны қоса отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс лицензияланатын қызмет түрі мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, күнтізбелік отыз күн ішінде лицензияларды қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Қайта ресімделген лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар осы Заңның 10-бабының ережелерін сақтай отырып, электрондық нысанда ресімделеді.»;

20) 48 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиарға ерікті түрде қ а й т а р ы л ғ а н д а ; » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Лицензияның қолданылуы осы баптың 1-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тоқтатылғанды қоспағанда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы тоқтатылған кезде, лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиарға қайтаруға міндетті.»;

21) 49-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«49-1-бап. Лицензиялық бақылау

1. Лицензиялық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгеннен кейін лицензиаттардың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бақылаудың өзге де нысандары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сай келетіндігін тексеру тексерілетін субъектіге бару арқылы бақылаудың өзге де нысаны тәртібінде жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің немесе лицензиаттың біліктілік талаптарына сай келетіндігі немесе сай келмейтіндігі туралы шешім қабылданады.

Құжаттарды ұсынумен расталмайтын біліктілік талаптары, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың анықтығы тексерілуге тиіс.».

67. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 2, 13 - құжат; № 8, 64 - құжат) :

6-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

68. «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат) :

1) 1-баптың 12), 13), 15) және 17-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«12) ойын бизнесін ұйымдастырушы – құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

13) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;»;

«15) ойын мекемесі – ұтыс алуды көздейтін, осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес құмар ойындары және (немесе) бәс тігу өтетін ғимарат, үй-жай, құрылыс;»;

«17-1) өтінім беруші – Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия беру туралы уәкілетті органға өтініш білдірген заңды тұлға;» ;

2) 8-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

69. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат) :

20-баптың 5-тармағының 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

70. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;»;

2) 7-баптың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

71. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

6-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

72. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат) :

8-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер

жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеуді және бекітуді;».

73. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 29 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2012 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

8 - б а п т ы ң 6 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Лицензиялануға жататын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқықтық қабілеті Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы расталады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін береді.».

74. «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

6-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту;».

75. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 128-құжат; № 18, 142-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 4, 32-құжат):

1) 1-баптың 50) тармақшасы алып тасталсын;

2) 5 - б а п т а :

27-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«27-1) оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін қалыптастырады және бекітеді;»;

37) тармақша алып тасталсын;

45) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«45) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 14-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын білім беру ұйымдары әзірлейді. Интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламалары пәнаралық және деңгейаралық, жоғары оқу орындары аралық және халықаралық болуы мүмкін.».

76. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат):

6-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

77. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

61-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Монополияға қарсы орган тергеу басталғанға дейін тергеуді тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, оның ішінде электрондық форматта ұсыну арқылы оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркейді.
»

78. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат):

8-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

79. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының

З а ң ы) :

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) атаулы мәміле – биржалық тауардың сатып алушысы мен сатушысының алдын ала екіжақты уағдаластығы бойынша жасалған биржалық мәміле;»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) биржалық брокер (бұдан әрі – брокер) – сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган беретін лицензия негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын, акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын және клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2), 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) кепілдік беру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржаның өз қаражаты есебінен қалыптастыратын ақша қоры;

9-2) классикалық сауда режимі – бірін-бірі білетін сатып алушылар мен сатушылар арасында биржалық тауардың шарттық бағасы бойынша атаулы мәмілелер жасалатын с а у д а р е ж и м і ; » ;

«11-1) кросс-мәміле – брокер түрлі екі клиенттің тапсырмасы бойынша іс-әрекет ете отырып не өзі үшін тапсырманы орындай отырып, сатушы тарапынан да, сатып алушы тарапынан да әрекет ететін биржалық мәміле;

11-2) қосарланған қарсы аукцион режимі – сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде биржалық мәмілелер жасырын түрде жасалатын, ал биржалық тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдік деңгейінде белгіленетін с а у д а р е ж и м і ; » ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мерзімді келісімшарт – орындау мерзімі кейінге қалдырылған базалық активті

шартсыз немесе шартты сатып алу-сатуға арналған келісімшарт, оған фьючерс, опцион ж а т а д ы ; » ;

13) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) опциондық мәміле – объектісі опцион болып табылатын биржалық мәміле;»;
мынадай мазмұндағы 14-1) және 16-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) сақтандыру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржа және (немесе) оның клирингтік орталығы биржа мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастыратын ақша қоры;»;

«16-1) стандартты аукцион режимі – сатып алушы (сатушы) – аукцион бастамашысы үшін ең тиімді баға бойынша төмендетуге немесе жоғарылатуға арналған аукцион барысында биржалық мәмілелер жасалатын сауда режимі;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) тауар биржасының сауда жүйесі – тауар биржасының материалдық-техникалық құралдары, электрондық сауда жүйесі, ішкі құжаттары және өзге де қажетті активтер мен рәсімдер кешені, тауар биржасындағы сауда-саттыққа қатысушылар арасында биржалық тауарлармен мәмілелер жасай отырып, сауда-саттық соларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады;»;

мынадай мазмұндағы 19-1) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«19-1) тауар биржасының электрондық сауда жүйесі – электрондық биржалық сауда-саттықты өткізуге қажетті және биржалық мәмілелер мен клиринг жасасу, сондай-ақ ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және ашу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, тауар биржасының есептеу құралдары, бағдарламалық қамтылымы, дерекқорлары, телекоммуникациялық құралдары және басқа да жабдықтары кешені;»;

«21) электрондық биржалық сауда-саттықтар – электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық мәмілелерді жасайтын биржалық брокерлердің (биржалық дилерлердің) авторландырылған трейдерлері қатысатын биржалық сауда-саттықтарды өткізу процесі.»;

2) 3 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен дилерлердің қызметіне қойылатын біліктік талаптарын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) тауар биржалары есептілігінің күнделікті электрондық нысандарын, оларды ұ с ы н у қағидаларын бекітеді;

6-2) кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын, олардың мөлшерін бекітеді;

6-3) тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті т а л а п т а р д ы бекітеді;»;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 3-2), 3-3), 3-4) және 3-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-2) тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарды әзірлейді;

3-3) тауар биржалары есептілігінің күнделікті электрондық нысандарын, оларды ұсыну қағидаларын әзірлейді;

3-4) кепілді және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын, олардың мөлшерін әзірлейді;

3-5) тауар биржаларының, биржалық брокерлердің және дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;»;

4) мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-баптармен толықтырылсын:

«4-1-бап. Ақпарат алу жөніндегі өкілеттіктер

Уәкілетті органға жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету, осы Заңның талаптарын іске асыру мақсатында уәкілетті орган жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ мемлекеттік органдардан өзінің бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті ақпаратты өтеусіз алуға құқылы, бұл ретте, алынған мәліметтер жария етілмеуге тиіс.

4-2-бап. Биржалық тауарлар тізбесіне кірген тауарларды өткізу

Биржалық сауда қатысушысының биржалық тауарлар тізбесіне кірген өзінің жалпы биржалық тауарлары айналымының кемінде он бес пайызы қосарланған қарсы аукцион режимінде жүзеге асырылады.»;

5) 10 - баптың 2 - тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) биржалық сауда-саттықтарды жүргізу тәртібін, оның ішінде атаулы мәмілелер мен кросс-мәмілелер жасасу ерекшелігін;»;

7) тармақшадағы «тәртібін қамтиды.» деген сөздер «тәртібін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) тауар биржасының уәкілетті органға есептерді ұсыну, сондай-ақ өткізілетін сауда-саттықтар туралы ақпаратты тауар биржасының интернет-ресурсына орналастыру тәртібін;

9) тауар биржасы арқылы мемлекеттік және өзге де сатып алуды жүргізу тәртібін;

10) өткізілетін сауда-саттықтар туралы ақпаратты тауар биржасының интернет-ресурсына орналастыру тәртібін қамтиды.»;

6) 11 - бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар биржасы мүшелерінің саны жетеуден кем болмауға тиіс.»;
мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Тауар биржасымен үлестес заңды тұлғалар тауар биржасының мүшелері бола
а л м а й д ы . » ;

7) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тауар биржасымен еңбек қатынастарында тұрған және жұмысты еңбек шарты бойынша тікелей орындайтын жеке тұлғалар тауар биржасының қызметкерлері болып табылады. Тауар биржасының қызметкеріне бір мезгілде тауар биржасының мүшелерімен еңбек қатынастарында тұруға тыйым салынады.»;

8) 13-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) биржалық саудамен байланысты ұйымдастырушылық, консультациялық, ақпараттық, әдістемелік қызметтер көрсетуді;»;

9) мынадай мазмұндағы 13-1, 15-1 және 16-1-баптармен толықтырылсын:

«13-1-бап. Тауар биржасы арқылы мемлекеттік сатып алу

1. Тауар биржасындағы мемлекеттік сатып алу биржалық сауданың үлгілік қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Тауар биржасындағы мемлекеттік сатып алу қосарланған қарсы аукцион режимінде жүзеге асырылады.

3. Тапсырыс беруші үшін тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қызметтері тапсырыс берушінің тиісті жылға арналған бюджетінде көзделген қаражаттар шеңберінде өтеулі негізде көрсетіледі.

4. Тауар биржасында мемлекеттік сатып алу тек қана электрондық биржа сауда-саттықтары арқылы жүргізіледі.»;

«15-1-бап. Биржалық сауда-саттықтарды жүргізу режимдері

Биржалық сауда-саттықтар сауданың мынадай режимдерінде жүргізіледі:

1) классикалық сауда;

2) қосарланған қарсы аукцион;

3) стандартты аукцион.»;

«16-1-бап. Тауар биржасының биржалық мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қорлары

Биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тауарлық биржа кепілдік беру және сақтандыру қорларын құрады.»;

1 0) 1 7 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) тараптардың фьючерстік және опциондық мәмілелер бойынша талаптарын және (немесе) міндеттемелерін айқындайды, олар бойынша есеп айырысуларды ұйымдастырады.» ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Клирингтік орталықтар орталық контрагент бола алады – биржалық мәмілелер бойынша әрбір сатушы үшін – сатып алушы және әрбір сатып алушы үшін сатушы бо л ы п т а б ы л а а л а д ы . » .

80. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) :

1) 16-баптың 19) тармақшасы алып тасталсын;

2) 17-баптың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттық құжаттар жобаларын қоспағанда, барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында минералдық шикізатты бастапқы өңдеуге (байытуға) жататын жұмыстар тізбесін айқындау бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларына сараптама жү р г і з у д і ұ й ы м д а с т ы р у ; » ;

3) 19-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

4) 20-баптың 4) және 29) тармақшалары мен 25-баптың 4) тармақшасы алып т а с т а л с ы н ;

5) 27-баптың 10), 11), 12), 14), 17) және 18) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«10) жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізеді және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесе отырып, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарын дайындайды;

11) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалау құжаттарына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;

12) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға

арналған келісімшарттарды жасасады, тіркейді және сақтайды;»;

«14) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді;»;

«17) кең таралған пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта бастау туралы шешімдер қабылдайды;

18) кең таралған пайдалы қазбалар және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану бойынша келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;»;

6) 3 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы баптың 5, 6, 9 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығын беру келісімшарт жасасу жолымен жүргізіледі.»;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7) 45-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

8) 5 7 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісінше жергілікті атқарушы органының жұмыс тобы жүргізеді. Жұмыс тобы туралы ережені және оның құрамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тиісінше жергілікті атқарушы органы бекітеді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы баптың ережелері кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге, барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша тікелей келіссөздерді жүргізу кезінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарына қатысты қолданылады.»;

9) 85-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістеме бойынша есептелген нормативтер мен көлемдер шегінде жер қойнауын пайдаланушы жобалау құжаттарын сақтаған жағдайда, мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның жер қойнауын зерделеу мен пайдалану және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті органдармен келісілген рұқсаты бойынша жол беріледі.

» ;

3-тармақ «қоса берілуге» деген сөздерден кейін «не тіркелуге» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы «жазбаша» деген сөз алып тасталсын;

11) 100-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теңіздегі ғылыми зерттеулер тек қана құзыретті органға зерттеулердің басталғандығы туралы хабарлама жасай отырып жүргізілуі мүмкін. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізудің қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»

81. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат):

1) 1-баптың 19) тармақшасы алып тасталсын;

2) 13 - бапта :

16) және 27) тармақшалар алып тасталсын;

50) және 53) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«50) азаматтық әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету ұйымдарына қойылатын талаптарды бекітеді;»;

«53) жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін халықаралық авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және халықаралық авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларын бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 53-1) және 54-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«53-1) авиакомпанияларға тұрақты ішкі коммерциялық әуемен тасымалдауларды орындауға рұқсат беру қағидаларын бекітеді;»;

«54-1) жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету үшін субсидияланатын авиамаршруттарға арналған конкурс өткізу және субсидияланатын авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларын бекітеді;» ;

3) 14 - баптың 1 - тармағында :

6) тармақша алып тасталсын;

17) және 39) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«17) азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыны сертификаттауды және оған сертификатты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына арналған куәлікті, авиациялық оқу орталығының сертификатын, авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу жөніндегі ұйымның сертификатын, үлгілік сертификатын, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығы сертификатын, азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын, әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің қарап тексерулерін ұйымдастыру жөніндегі сертификатты, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беруді жүзеге асырады;»;

«39) тексеру парақтарының нысандарын әзірлеп, бекітеді және тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекітеді;»;

40) тармақша «бойынша» деген сөзден кейін «міндетті» деген сөзбен толықтырылсын;

4) 35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Әуеайлақтардың метеорологиялық органдары ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.»;

5) 54-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

6) 58-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұшу қызметінің басшысы, ұшу қауіпсіздігі жөніндегі инспекцияның бастығы, инженерлік-авиациялық қызмет басшысы азаматтық және эксперименттік авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басшы қызметкерлері болып танылады.»;

7) 66-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сыныпталған әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдалануға әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы оның жарамдылығы туралы сертификатты алғаннан кейін және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға әуеайлақты (тікұшақ айлағын) ашу туралы хабарлама жасалғаннан кейін рұқсат етіледі.»;

8) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«67-бап. Әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) есепке алу

1. Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтардан (тікұшақ айлақтарынан) басқа, азаматтық авиация мақсатында пайдаланылатын әуеайлақтар (тікұшақ айлақтары) азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) тізілімінде есепке алынуға жатады.

Азаматтық авиация ұйымдары әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) ашқан кезде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға:

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) орналасқан жер учаскесіне немесе басқа объектіге құқық туралы (жерді тұрақты немесе уақытша өтеулі пайдалану) құқық белгілейтін құжаттың көшірмесін;

2) әуеайлаққа (тікұшақ айлағына) меншік құқығын немесе иелену құқығын растайтын құжаттардың (сатып алу-сату шарты, қабылдау-беру актісі, теңгерімге беру туралы бұйрық, меншік, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқығы және т. б.) көшірмелерін;

3) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) техникалық сипаттамалары, географиялық координаттары мен орналасқан орны (елді мекен) туралы ақпаратты қоса бере отырып, өтініш жолдайды.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органда әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) жабылуы азаматтық авиация ұйымының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

2. Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын), бірлесіп пайдаланылатын және бірлесіп орналастырылатын әуеайлақтарды есепке алуды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Пайдаланушылар сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдар айқындаған тәртіппен есепке алуға тиіс.»;

9) 79-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Авиакомпанияларды тұрақты ішкі коммерциялық әуемен тасымалдауларды орындауға рұқсат ету қағидаларында белгіленген біліктілік талаптарына сай авиакомпанияларға ішкі тұрақты коммерциялық әуемен тасымалдауларды орындауға рұқсат етіледі.» ;

10) 80-баптың тақырыбы және 1, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын :

«80-бап. Тұрақты әуемен тасымалдаулар үшін халықаралық және субсидияланатын авиамаршруттарды бөлу

1. Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары арасында тұрақты әуемен тасымалдауларды жүзеге асыруға арналған халықаралық және субсидияланатын авиамаршруттарды бөлуді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган конкурстық негізде жүргізеді. Конкурс жеңімпаздарына авиамаршрутқа арналған куәліктер беріледі .

Конкурсқа жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша халықаралық авиамаршрутқа конкурс өткізу және авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында, сондай-ақ субсидияланатын авиамаршрутқа конкурс өткізу және жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында белгіленген біліктілік талаптарына сай келетін авиакомпаниялар жіберіледі.» ;

«4. Авиакомпаниядан халықаралық немесе субсидияланатын авиамаршрутқа арналған куәлікті қайтарып алған кезде куәлік конкурстық ұсынысы жеңімпаздан (жеңімпаздардан) кейін үздік деп танылған конкурстың басқа қатысушысына беріледі.

5. Халықтың әуе қатынасына қажеттілігін қанағаттандыру үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган авиамаршруттарды бөлу жөніндегі конкурстар аралығындағы кезеңде қажеттігі туындаған авиамаршрутты пайдалану үшін авиамаршруттарды бөлу жөніндегі конкурсты өткізбей-ақ авиакомпанияға халықаралық немесе субсидияланатын авиамаршрутқа арналған куәлікті беруге құқылы .

Пайдалану қажеттігі конкурстар аралығындағы кезеңде туындаған халықаралық немесе субсидияланатын авиамаршрутты бөлген кезде жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша халықаралық авиамаршрутқа конкурс өткізу және авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында, сондай-ақ жолаушыларды, багажды, жүктер мен почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша субсидияланатын авиамаршрутқа конкурс өткізу және авиамаршруттарға куәліктер беру қағидаларында көзделген біліктілік талаптарына авиакомпания сай келген жағдайда, өтінім берген барлық авиакомпанияларға куәлік беріледі.».

82. «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 22, 127-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6 - б а п т а :

7) тармақша алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 7-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

4) 8 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н .

83. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-баптың 3-тармағында:
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«егер объектінің (субъектінің) орналасқан жері бойынша оған барғанға дейін бір тәулік бұрын құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарға міндетті түрде хабарлама жасай отырып, рұқсат беру құжаттарын (рәсімдерін) алумен (өтумен) байланысты болған;»;

бесінші абзацтағы «бақылау жағдайларын қоспағанда, бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына сәйкес бақылау объектілеріне (субъектілеріне) бармай жүргізеді.» деген сөздер «бақылау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

«ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасында қару мен оның патрондары айналымы қағидаларын сақтау мәселелері бойынша бақылауды жүзеге асыруы; арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтау бойынша бақылауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына сәйкес бақылау объектілеріне (субъектілеріне) бармай жүргізеді.»;

2) 12-баптың 3-тармағында:

5) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңдарына сәйкес кемелерді қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптардың орындалуын бақылауға және қадағалауға;»;

«12) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді жүзеге асыратын субъектінің аумағында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес орнатылған акциздік бекеттер арқылы бақылауға, сондай-ақ этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда этил спирті мен алкоголь өніміне бақылау есебінің жүргізілуіне;»;

18) тармақшадағы «сақтауға байланысты бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.» деген сөздер «сақтауға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19), 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«19) жол бойындағы жолаушылар поездарында жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау қағидаларының сақталуын бақылауға;

20) жергілікті атқарушы орган белгілеген орындардан тыс жерде сауда жасауға;

21) орталық мемлекеттік органдардың, мәслихаттардың және әкімдіктердің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау талаптарын сақтауына байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.»;

3) 13-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласында: жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен; орташа тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен; болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында: жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен; орташа тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен; болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен жиі болмауға тиіс.»;

4) 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тексеру парағы осы Заңның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексерілетін субъектілердің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптардың толық тізбесін қамтиды.»;

5) 16-бапта:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғаларды және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларын қоспағанда) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы жоспарлы тексерулер жүргізуге тыйым салынады.

Осы тармақтың күші:

1) жарылғыш заттардың айналысы мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуына;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметіне;

3) атом энергиясына, радиоактивтік заттарға;

4) улардың, қару-жарактың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметіне байланысты бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.»;

7-тармақтың 8) тармақшасындағы «мәселелер негіз болып табылады.» деген сөздер «мәселелер;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) тексерілетін субъектінің «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қызметті немесе белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асырудың басталғандығы туралы хабарлама беруі негіз болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Жалған пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), тасымалдау, сақтау, өткізу және қолдану, сондай-ақ жалған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өндіру, сатып алу, тасымалдау, сақтау, өткізу мәселелері бойынша жоспардан тыс тексерулер тексерілетін субъектіге алдын ала хабарлама жасалмай жүргізіледі.»;

6) 1 8 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тексерулерді тағайындау туралы актіні тіркеу есепке алу сипатында болады. Осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеусіз тексеру жүргізуге жол берілмейді.»;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарлау тәртібін тіркеуді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындайды.»;

7) 19-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде, осы Заңның 16-бабы 7-тармағының 2), 3), 4), 7) және 8) тармақшаларында, 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік орган тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы тексерілетін субъектіге хабарлауға міндетті.»;

8) 27-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацындағы «ұзартылған жағдайларда тексеруге жібермеуге;» деген сөздер «ұзартылған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңның 28-бабының 2-тармағына сәйкес осы Заңның талаптары өрескел бұзылған жағдайларда тексеруге жібермеуге;»;

9) 28-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «тағайындауы жатады.» деген сөздер «тағайындауы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақша мен толықтырылсын:

«8) тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу міндетті болғанда, оны құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарда тіркеместен, тексеру жүргізу ж а т а д ы . » ;

10) көрсетілген Заңға қосымшаның 1-тармағында:

4) тармақша алып тасталсын;

38) және 43) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«38) дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника а й н а л ы с ы с а л а с ы н д а ; » ;

«43) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы

заңнамасының сақталуына;»;

61) және 72) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 75-1) тармақшамен толықтырылсын:

«75-1) күзет дабылы құралдарын монтаждау, орнату және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке;»;

93) тармақшадағы «93) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын сақтауда;» деген сөздер «93-1) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына;» деген сөздермен ауыстырылсын;

97) тармақшадағы «сақтауда жүзеге асырылады.» деген сөздер «сақтауда;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 98) – 105) тармақшалармен толықтырылсын:

«98) автомобиль жолдары саласында;

99) бала құқықтарын қорғау саласында;

100) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласында;

101) темекі өнімдерінің өндірілуі және айналымы саласында;

102) лицензиялық бақылау саласында;

103) улардың, қару-жарақтың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалатын бұйымдардың айналымы саласында;

104) өнеркәсіп саласында;

105) ұйымдардың, әскери міндеттілердің және әскерге шақырылушылардың әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын сақтауына жүзеге асырылады.».

84. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 2) тармақшасы, 4-баптың 3) тармақшасы және 6-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7 - бапта:

14) және 16) тармақшалар алып тасталсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер

жүргізудің жартыжылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 8-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген жағдайларды қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді;»;

4) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берумен байланысты қызметтің басталғандығы туралы хабарлама
ж а с а у

1. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер қызмет басталғанға дейін «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға бұл туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

2. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер мынадай талаптарға сай б о л у ғ а :

1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдерінің базасына немесе резервуарға иелік етуге;

2) орнатылған есепке алатын бақылау аспаптары болуға тиіс.

3. Хабарламамен бірге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке тұлға үшін – дара кәсіпкер ретінде өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

2) заңды тұлға үшін – ұйым жарғысының көшірмесі және ұйымды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

3) өтініш берушінің меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдері базасының немесе резервуарының болуын растайтын, құқық белгілейтін немесе өзге де құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың көшірмелері мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушінің таңдауы бойынша құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ұсынылуы мүмкін.

4. Уәкілетті орган мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілердің тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

5. О с ы б а п т ы ң т а л а п т а р ы :

1) мұнай өнімдерін өндірушілерге;

2) өз бетінше өндірген және (немесе) импортталған шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу нәтижесінде өндірілген мұнай өнімдерін өткізетін мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге қолданылмайды.

6. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берумен байланысты қызметтің

басталғандығы туралы хабарлама берместен мұндай қызметті жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.»;

5) 21-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы өткізуді мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілердің тізіліміне енгізілген өнім берушілер ғана жүзеге асырады. Осы тармақтың күші осы Заңның 17-бабының 5-тармағында аталған мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілерге қолданылмайды.».

85. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 16, 127-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 8, 64-құжат):

40-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы «заңды тұлғаны» деген сөздер «коммерциялық ұйымды» деген сөздермен ауыстырылсын.

86. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; 2012 жылғы 23 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне магистральдық құбыр және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының

З а ң ы) :

6-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

87. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 20-құжат):

5-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;».

88. «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3 , 24 - құ ж а т) :

1) 6-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) теле-, радиоарналарын тарату жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;»;

2) 7-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;»;

3) 17-баптың 4-тармағында:

бірінші абзацтағы «он бес күн» деген сөздер «он жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) егер меншік иесінің ауысуына орай теле-, радиоарнаны қайта есепке қою туралы өтініште теле-, радиоарнаға меншік құқығын басқа тұлғаға беру туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетілмесе;»;

4) 18-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Теле-, радиоарнаны есепке қою туралы өтініште:

1) теле-, радиоарна меншік иесінің-жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, теле-, радиоарна меншік иесінің-заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;

2) жеке және ретрансляцияланатын хабар таратуының орташа тәуліктік көлемі көрсетілген теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты көрсетілуге тиіс.

2. Өтінішке:

1) трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды жазып алу және алты ай бойы сақтау туралы міндеттеме;

2) теле-, радиоарнаның меншік иесінің кіретін есігі бөлек үй-жайлар мен алаңдарға немесе оларды жалға алуға, оның ішінде:

телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдарды орналастыруға және пайдалануға арналған (студиялық, аппараттық, қосалқы) арнайы үй-жайларға;

шығармашылық (редакциялық) персоналын орналастыруға арналған үй-жайларға; әкімшілік-басқару персоналына арналған үй-жайларға мүлкітік құқықтарының болуы туралы мәліметтер нысаны қоса тіркеледі.».

89. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 3, 27-құжат):

1) 1-баптың 9-тармағы 27) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын;

2) 2-баптың 1-тармағындағы «, 27) тармақшасының төртінші абзацын» деген сөздер алып тасталсын.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.26 N 61-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2 - б а п .

1 . О с ы 3 а ң :

1) 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағын, 31-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацын, 83-тармағы 5) тармақшасының екінші-сегізінші абзацтарын және 88-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацын;

2) 2013 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 62-тармағының 4), 5) тармақшаларын, 6) тармақшасының төртінші - алтыншы абзацтарын және 7) тармақшасының төртінші - жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 31-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацы және 88-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацы осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін :

«1) мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі меншік иесінің-жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тұрғылықты жері, мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпарат агенттігі меншік иесінің - заңды тұлғаның атауы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;»;

«1) теле-, радиоарна меншік иесінің-жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), салық төлеушінің тіркеу нөмірі, тұрғылықты жері, теле-, радиоарна меншік иесінің - заңды тұлғаның атауы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;».

3. Осы Заңға сәйкес хабарлама жасау тәртібіне жататын қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері осы Заң қолданысқа енген күннен бастап үш ай ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметінің басталғандығы туралы хабарлама беруге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ